

Қаз. 93  
84(5Қаз)Қаз

А 32

Шәмшия Айтжанова



Көкшетау қаласы



ккз. 22  
84(5кз)кз  
А32

ШАМШИЯ АЙТЖАНОВА

ӨНЕРІМ—ӨМІРІМ

Жыр жинағы

440

495172

М. Жұмабаев атындағы  
Қокшетау облыстық Ғыбаев  
ғылыми кітапханасы  
Кокшетауская областная  
универсальная научная библиотека  
им. М. Жумабаева

Қокшетау қаласы

ISBN - 5-7667-5973-8



## АЛҒЫ СӨЗ

Өзінің ел жан қол өнерімен көркікті Көкшетауға, қазір берді дүйім Қазақстан еліне кеткен мәлім Шәмшия Айтжанованың өздеріңізге ұсынған «Өнерім — өмірім» жыр жинағы апамыздың сөз қадірін зерделей білер, өлең сөздің өрнегін нестелен түсірер қабілет қарымын аңдатқандай.

Кәсіпші ақындарға қойылатын бәйіс талам тұғырында табыл тірмей-ақ әңгіменің әділіне жүгінсек Шәмшия апайдың қаламынан тұтап кез-келген өлең жолдарында айтар ойын әсіре бәсуісиз, анық, қарашайым болса да қара дүреңділікке ұрылбай айта алар қуат бар, шумақтарға шырай бітіре алар шынайы, жүрек қызуын қатарып берген жыдылық мол.

Қазақстан — аңыз-өп,  
Жаралған ғасыр сазынан,  
Тамыры кеткен тереңге,  
Сарқылмайтын қазынам!

Міне, ақын Қазақстан елін осылайша жырлайды. Қарашайым өлең жолдарында еліне деген ерекше сезім табы бар, оның «аңыз-өп» екендігін де «сарқылмас қазына екендігін де жеткізе айта алған, сендіре, мойындата айтқан.

Ақынның бірсыпыра өлеңдері Абай, Жамбыл, А. Байтұрсынұов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов сияқты ірі тұлғаларға, алғашқы ғарышкерлер Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаевтарға, көкшелік азаматтар О. Вәйіенов, Р. Шерьязданов, X. Әбсәлемовтерге арналған.

Қалам иесінің кімге сөз арнасы да еркі барын ескерер болсақ, әр арнауында сол тұлғаның даналығын, даралығын, еліне сіңірген еңбегін екшеп, елеулі түсіні дән баса жыр тілінде сөйлете алуын алдымен кйтәр едік.

Елім десе ет жүрегі бар еді,  
Алашымның ақылы кең нары еді,  
Тіл-кітабын терең зерттеп танытқан,  
Қазағымның бетке ұстар ары еді.

Бұл ақынның Ахмет Байтұрсынұовқа арнауынан алынған шумақ. Бөрілер бағасы мәнді де мағналы. «Тіл-кітабын» алғаш зерттеп, ғылыми тұрғыдан қалыптастыруға, негізін қалаған ұлы тұлғаның «алаштың бетке ұстаған ары болғандығын бұдан артық жеткізе айтуға болар, бірақ қапысыз дәл айту оңайға түсер ме екен.

Ақынның анасына, әкесіне, нағашысына арнау өлеңдерінде де жан жылуы, терең толғаныс, сарқылмас сағыныш іздері бой тастап отырады. Мәселен өз анасына арнауында қол өнерін сол бір аяулы жаннан мұра етіп қабылдап алғандығын, сол өнер мұрасын бүгінгі ұрпаққа ұсынған отырғандығын мақтан етуі жарасымды, ұрпақ сабақтастығының жарқын үлгісі осындай болар дегізерткітей.

Өмір қатал, ойың сондай ащы нақ,  
Анам қайтты, біздер қалдық аңыран,  
Өзі өлгенмен ісі оның өлмейді,  
Жазағастырдым қол өнерін қабыл ал.

Осынау жыр жолдарында анаға деген сағынышпен бірге оның өнер мұрасын одан әрі үлбей сабақтастыра жалғай алған перзенттік жүректің жыдылығы сезіліп отыр.

«Өнерім — өмірім» топтамасы Шәмшия Айтжанованың жетіске толуымен орайлас жарық көрін отыр. Осындай елеулі оқиғаға байланысты жинастың екінші бөліміне «Арнау» деген атпен қол өнер иесіне арналған өлеңдерді топтастыруды жөн көрдік. Онда апамыздың сан алуан бояулы жігітерді шебер алажастыра отырып бейне тоқу өнеріне тәпті болған біраз қаламгерлердің ізгі тілекке толы өлең жолдары бас құрған.

Бар болыңыз маңсы ана, ар болыңыз,  
Өнерді орға сүйірет пар болыңыз,  
Соңынан ерген өлкей жақ орман,  
Жасаған меңдейін жар болыңыз.

Кездесіп өнерімді жылыма сайып,  
Басыңа жолымасын қыты-уяйым,  
Оайң менен кестедей көрікті боп,  
Жүре бер ортасында апатайсы! —

деген тілекті мен де айтқан екенмін. Әлі де сол тілектеміз.  
«Өнерім — өмірім» жанығының да өз оқырмандарын тауып,  
рухани жан дүниеліге өзінң шұғылн жұрын сөзбен төге берей!

**Төлеген ҚАЖЫБАЕВ,**

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Респуб-  
ликаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Респуб-  
ликалық Ахмет Байтұрсынұв атындағы сыйлықтың  
лауреаты.

## **ЗАҢГЕР ҚЫЗЫМА**

(Заң ғылымдарының кандидаты  
Ғайша Ыбырайқызы Сыздықтегі)

Заңым бар дүниеге әділ келген,  
Тәуелсіз ер еліме сәуде берген.  
Бас-бұзар тентен-тәлпін, қылмыстылар,  
Ақиқат заң алдында талай көнген.

Оқуда озыт еді өте жүірік,  
Алатын айналасын тез үйіріп,  
Қара көз, қараторы ер мінезді  
Қыран боп, көкпен самғар тез шүйіліп.

Отбасың, немерем мен болсын аман,  
Тілейміз әрқашан да сәтті қадам,  
Қазақтың қызы деген жақсы атақпен  
Атандың әділ-тура, заңгер маман.

Әкең де тілеу тілер, барлығына,  
Заманның қысылмағын тарлығына,  
Өмір мен бақыт берсін бастарыңа  
Тағу боп, ағайын мен жекеңат қуда.

## А З А М А Т

(Ел басқарған абзал азамат  
Чапай Мұтталанұлы Әбуталиповке)

Ел басқарған азамат, мінезі ашық,  
Көтерілмес беталды асып-тасым,  
Ақылына мінезі тым жарасып,  
Көрген жаңды ерітер қылып ғашық.  
Өнер десе өресі өте биік,  
Құрмет тұтар дарынды басын иіп,  
Мәдениет маңызын бетке ұстаған,  
Сондықтан да ұнатар елі сүйіп!  
Көмек жасар қолынан келсе жылдам,  
Бада көңіл, ер мінез, жайдары жан,  
Чапай денте қойған той ырым қылып,  
Ел батырын еске алып, жасап арман.  
Жанұяда үлгілі, жақсы өне, жар,  
Үрім-бұтақ, немере талайы бар,  
Шәмшия анаң тілейді бәріңе бақ,  
Көре алмастар қызғансын, іштері тар.

## ПРОФЕССОР

(Ш. Ұәлиханов атындағы Көкшетау  
университетінің ректоры, профессор  
А. Айтмұхамедовке)

Ұлағатты ұстаз ол дәріс берген,  
Талай жасқа үлгілі өдіс берген,  
Шәкірттері сыйлайды ағасындай,  
Тәрбиелеп өсірген, өсіп-өнген,  
Шоңанымың ордасын басқарғанды,  
Кандидат бол шығып ед шәкірт алды,  
Шеберлігін көрсетті дәлелден ол,  
Жұлдызы оңып, соңынан бағы жанды,  
Мақтанышым ғылымда тасы өрлеген,  
Алғысым мол әр уақытта саған деген,  
Жанұяда бақытты бол құлыным,  
Озып шығып желдікші жүйрік кемең.

## СӘЛИМАҒА

Елімде қыздар аз ба, ер мінезді,  
Жүрегі нәзік келген әрі ізгі,  
Сәлима сол қыздардың біреуі едің,  
Қамқорлық салтыңменен баурап бізді.

Ақылы асқақ келген нұр келбетті,  
Жүрегің талай жанның ол тербетті,  
Көкшенің қызғалдағы қыр гүліндей,  
Еркелеп еркесіндей өсіп жетті.

Анасың, ұл өсірген, қыз өсірген,  
Ашықсың дәриядай мол көсілген,  
Сәлима, айналайын абзал қызым,  
Шығармас халқың бар той, ел есінен.

Өмірде бақытты мол, мәрең өсіп,  
Тербелсін жанұяда алтын бесік,  
Жарыңмен немерелер, мәпелей бер,  
Шеңеңіз 100-жасасын ура десіп.

## ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан аңыз-ән,  
Жаралған ғасыр сазынан,  
Тамырың кеткен тереңде  
Сарқылмайтын қазынам,  
Ғарышты қосқан жерменен,  
Астықты өлкем өрлеген,  
Шұғыла шашып жап-жаққа  
Көгілдір туы көлбеген.

Аяулы ата-мекенім,  
Жыр қылып мәңгі өтемін,  
Құшаққа алған әр ұлтты  
Дәлелден достық не екенін,

Айбынды туған ерлері,  
Айдынды шалқар көлдері,  
Байлыққа тұнған қазына  
Сарқылмас сары белдері.

Ішкі жырдың төгілген,  
Қойнауы малға өрбіген,  
Қаһарман батыр халқы бар  
Мақтаныш тұтам сені мен.

Аңызға арқау бар жерің,  
Егемен елім! Ер елім!  
Досына деген шынайы  
Құшағың ашық, кең төрің.

Жүрекке жылы сия алған,  
Айналдым алтын ұямнан,  
Мәртебең асқан әлемде  
Жайылған биік қиядан.

Ғасырға қанат қомдаған,  
Ақының жыр ғып сомдаған,  
Бабамның байтақ даласы  
Өзінді жыр ғып толғанам.

Асыға күткен әнім ең,  
Сымбатты сұлу сәнім ең,  
Көгеріп, көктеп жасарып  
Қаламын мәңгі сенмен.

## АСТАНАҒА АРНАУ

(әні бар)

Адыға ақ басыммен келіп тұрмын,  
Салғын жеткізем деп қыз бен ұлдың,  
Өнерін Шәмсия апаң арнап тоқыр  
Тарсуы ретінде осы жылдың.

Қалақтың мәртебелі астанасы,  
Бүгінгі Ақмоладай жас қаласы,  
Жаңғырсын заманадан заманаға  
Халқымның қуанышты бастамасы.

Арнайы ат арытып, асқақ жерім,  
Бишектің қол өнерін бастап келдім,  
Астанам Ақмолага әдейі арнап  
Сыйлығын жеткізгелі қалың елдің.

Қалақтың мәртебелі астанасы,  
Бүгінгі Ақмоладай жас қаласы,  
Жаңғырсын заманадан-заманаға  
Халқымның қуанышты бастамасы.



## ТАРТУ

Жүректің тартуы елі бұл бір бүтін,  
Қабыл ал қасиетті ата жұртым,  
Шеберлік шапқарында шыңдалып ем  
Ардастап адалдықпен ана сүтін.

Ақмолам арайланбын арузақ қонып,  
Қазаққа құт өкелсін, халқым оңып,  
Мерейі үстем болсын мекенімнің  
Ұрпағым ұшпақ берсін өсіп-толып.

Байтақ ел астанасы бағың жаңды,  
Қарсы алдың байрағыңмен атар таңды,  
Аналық жүрегіммен басымды иіп  
Тартамын тарту етін тоқымамды.

Өнердің әлеміне жүрмін еніп,  
Бұл күнде жасым жетті жетпіс келіп,  
Атаңдым Шәмшия апай шартарапқа  
Бір алла өміріме беріп көрік.

Елбасым ел мерейін үстем етті,  
Хабары астананың бізге жетті,  
Халқыңның хас шебері Шәмшия апай  
Мұра ғын, бұл кілемді беріп кетті.

## АҚМОЛА — АСТАНАМ

(әні бар)

Ақ жолы амантықтың алға басын,  
Елімің ертеңі өрлеп, нұры тассын,  
Ақмолам айналайын ару қалам  
Астана ақ ордасы көрі-жастың.

**Қайырмасы:**

Аялар нұр сәулесі күйді бата,  
Сәнді үйлер салтанатты козді тарта,  
Бағытын болашақтың болжағандай  
Өзіңе қол созамын үміт арта.

Есілдің ерке желі бауырыма алып,  
Енікке бой көтердің бал-бұл жанып,  
Әлемде астана көп болғанымен  
Мен үшін бір өзіңе жетпесі анық.

**Қайырмасы:**

Тербеліп ақ орданда самал желмен,  
Абылай көк байрағы айбат берген,  
Ел басым ертеңіңе көз тастайды  
Біз үшін болашақты ойлап келген.

**Қайырмасы:**

## ТІЛЕК

(Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына)

Нұрсұлтан, нұрлы жүзді нарым едің,  
Ел үшін тәуекелге барып едің.  
Атағы аспандаған талай жерде  
Айбыны Алты Алаштың арым едің.

Ақылға, Ісің мығым, сай келген-ді,  
Еліңді тік көтердің Егеменді!  
Күндіз-түні тыным көрмей еңбектеніп  
Халқының сеніміне тез бөленді.

Әлемде не бір тұлға есіне алып,  
Қазақтың гажаптығын білері анық.  
Бұлдағы сенің бір игі Ісің  
Жүргені олардың да бізді танып.

Ақмола Алашымның ордасы еді,  
Нұрсұлтан — нұрға бастар елбасы еді.  
Өмірің ұзақ болып, арыстаным  
Аруағы ата-баба қолдаса еді.

## ПАРАСАТТЫ

(Васильков кен-байыту комбинатының  
директоры Әбсәләмов Хасен Қабдуұлына)

Көкке орлеген аспандап оның бағы,  
Кен байыту комбинат қаладағы.  
Көкшетаудың бетке ұстар бір ұжымы  
Алтын-күміс шапағын нұрға малды.

Оян шауып, жүзде алған қалмай қалыс,  
Ер еңбекпен еліңе аты таныс.  
Әбсәләмов Хасендей басшы бар ма  
Аты кеткен мәшһүр боп өте алыс.

Өрлі нақыш өрнекпен жазып бетін,  
Сөз сөйлесе жүзесін келтіретін.  
Ақылға асқан, ойлы жан өр тұлғалы  
Қайыратын мәнермен сөздің шетін.

Жанұяда үлгілі парасатты,  
Ақтай білген Хасендей әдемі атты,  
Қара күзды қақ жарып, әділ мінез  
Басшылардың ішінде асыл заты.

## ӨНЕР МЕКТЕБІ

Жүрген жоқпын, атақ-даңқ даулайын деп,  
Арманым бар қазақтың өнері тек.  
Жас ұрпақты сопымен таныстыру  
Мектеп аштым өнерге баулайын деп.

Түс киізі қазақтың алаңшасы,  
Қалы кілем өнердің тамашасы.  
Көрпе көптеп, кестелеп өрнек салу  
Зердесімен есейер бала жасы.

Тәлім берер жастарға талабы мол,  
Бұл өнерді атқарар салалы қол.  
Шәкірттерім сан қырлы дәріс алар  
Бәрінің де талпынған қадамы зор.

Откен тарих мұрасы, ең керегі,  
Өлмес мәңгі қазақтың қол өнері.  
Жалғастырып келемін жастарыма  
Мол ғой оның келешек бар берері.

## ШӘКІРТТЕРІМЕ

Белесінен бел алған, сап қырқаның,  
Өздігіңдей желегі жас бұтаның.  
Оқу-білім, өнерді мақсұт еткен  
Айналайын алдыңғы, жас ұрпағым.

Ой-түйсігі адамның, үлкен сана,  
Немеремсің, ал бірің маған бала.  
Ынтаменен өнерге құлаш ұрып  
«Апай» дейді сабақта күлім қаға.

Қылығымен жанына алар тартып,  
Бәрі икемді өнерге ынтасы артық.  
Сабаққа да негізгі үлгереді  
Ата-анаға жатпайды міндет артып.

Мінез-құлық бір жағы өз алдына,  
Бет-бейнесі бәрінің көз алдыма.  
Қызғалдақтап құлпырған, қарақтарым  
Мәселемей сендерді төзе алдым ба?

Жараспайды жетті деп болып-толу,  
Туа біттер қасиет өнер қону.  
Шәкірт ойын дұрыстап түсінгенге  
Ұстаз болу, балаға — ана болу.

## ӨКІНБЕЯМІН ӨМІРГЕ

Өйлеп тұрсам, не берді өмір маған?  
Шыда деп, қайрат берді жасымаған.  
Өмір маған жалтармай тура жүр деп  
Сабыр берді арыздан тасымаған.

Өмір маған сүйсініп деп бала берді,  
Төрт ұл менен бір қызды дара берді.  
Өмір маған соларды жеткізсін деп  
Қуат пенен қажырлы сана берді.

Өмір маған жақсы жар беріп еді,  
Жаралы боп майданнан келіп еді.  
Өмір оны өзгертті, шалыс басты  
Жүрек шіркін шынымен сеніп еді.

Өмір берді бәрін де аймастан,  
Кой көрдім мекенатты бала жастан,  
Отарып өзіме-өзім дем беремін  
Маңдайға жазды ма деп әуел бастан.

Өмір мені шыңдады тас қайрақтай,  
Өмір мені көтерді көк байрақтай,  
Өкінбеймін өмірім босқа өткен жоқ  
Ел сенімін еңбекпен жүрмін ақтай.

## РИЗАМЫН ӨМІРГЕ

Айшығы бар мәнерлі, нұр сымбатты,  
Өмір маған әлдеден ең қымбатты.  
Құрсағынан ағамның шыққан күні  
Алғаш рет балам деп ол тіл қатты.

Өмір маған өлшембес сый әкелді,  
Ісмерлікті үлгі етіп және әперді.  
Өмір маған бұрынша бақыт беріп  
Төбесінен түсірмей, тік көтерді.

Ризамын өмірге саналы өткен,  
Тірек болған жаным, сүйіп беттен.  
Егеменді елімің шуағымен  
Қайымаймын, қалмаймын алғы шептен.

Өмір маған берді ұрпақ, өнегелі,  
От басымда қуаныш, мерекелі.  
Тыныштық пен денсаулық берді және  
Іргелі еліміз бүгіндер, керегелі.

Өмір саған өкілем жоқ, өкінемде,  
Не демейді жалғанда, тірі пенде.  
Дарын бердің дәріптеп, бақта бердің  
Қалдырмадың бәрінен өзің кенде.

Тіршіліктің таусылмас, күйбеңі өңге,  
Біз қонақсыз дүниеге бірақ демде.  
Мағналы, саналы гүмбір берген  
Алғысым мол бүгінде, бұл өмірге.

## ЗИЯЛЫСЫ ҚАЗАҚТЫҢ

(Міржақып Дулатовқа)

Озық ойлы азамат, ақылы асқақ,  
Зияласын қазақтың жүрді бастап.  
Елі үшін еңіреп, елеңдеді  
Үгіт айтып халқына, үндеу тастап.

Топ алдында сөбіссе шешен еді,  
Алаштың оң ол да бір көсемі еді.  
Аңыз болған еңбегі ел ішінде  
Ақталғаны қиыс кеше еді.

Бес арыстың біреуі, ел деп туған,  
Нар мінезді, асыл тек, абзал тумам.  
Егемендік жолында шаһит кетіп  
Ер өлімде халқы үшін жанын қиған.

Асылдарым аяулы ұрпақ үшін,  
Аямады бойдағы барлық күшін.  
Міржақыптай ағаңнан оқып-үйрен  
Жеткішігерім зерделеп дұрыс түсін.

## ТУҒАН ЕЛ

Білген жанға алтын бесік, ел деген,  
Гүлденеді жермен ғана ер деген.  
Туған жерім көз алдыма келеді,  
Үшқан түлеп, алғаш қанат сермеген.

Елімді айтып, қуаттамып жүрем мен,  
Сағынғанда құстай ұшып келем мен,  
Ертіс пенен Құлатым деп соғатын  
Жүрек сырғы олеңменен төгем мен.


Елім саған олең арнап келем мен,  
Сәлемімді жар тілімен берем мен.  
Елім қандай өскен бүтін керемет  
Қуанып мен табысына келем:

Жырлай берем туған елдің шаттығын,  
Сағыныштан басырмайды аңтығым,  
Өзінде өсіп, түлеп ұшқан қызық ем  
Сондықтан да сезілмейді «жаттығым».

Туған елім! Алтын бесік, мерейім,  
Маржап сөзден олаң арнап төгейім.  
Сыртта жүрген ұрпағыңның сәлемін  
Осы олеңмен жинап бірақ берейім.

Туған елім! Керекуім, Баным,  
Мен барымды сенен қашан аядым,  
Аңсағанда бір өзіңді тататым  
Күс боп ұшып қанатымды жаямын.

430172



## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Анамын үкіметім ардақтаған,  
Істеген қызметімді ел мақтаған.  
Сіңіріп еңбегімді ер еліме  
Бірнеше медальменен марапатталған.

Жұмыста адал еңбек озатымын,  
Жақсы үлес Отаныма қосатымын.  
Жүргізіп тексерісті аудандарда  
Туралап қылмыс көзін ашатымын.

Өмірде жамап істен қашатымын,  
Бітпесе жұмыстарым сасатымын.  
Жынып-ап кемшілігін есен-қисап  
Жиналыста беттеріне басатымын.

Істедім жұмысымды мағыналы,  
Әлі күн әріптестер сағынады.  
Көргенде амандықпен сәлемдесіп  
Тіп тұрып анамап деп бағынады.

Еске алсам сол бір кезді сағынамын,  
Іс тігін өнеріме бағынамын.  
Балалар оқып жатыр, тұрмыс жайды  
Отанға тыныштық қой табынарым!

## МЕКТЕБІМ

Мектебім менің мектебім,  
Сағынып сені кетемін.  
Білім алдым өзіңнен  
Сағына оймен өтемін.

Мектебім менің, мектебім,  
Саязда түлеп көктемдім,  
Сенде өтті жастығым  
Албырт шақ, асыл көктемім.

Мектебім менің, мектебім,  
Айналып сенен кетемін.  
Ақ қырау шалған басыммен  
Иліп төзім өтемін.

## АРНАУ

(Жаңаауыл онжылдық мектебінің  
ұстаздар ұжымына арнаймын)

Жылы лебіз шуақ еріп, сезіммен,  
Қанат қағып жолдама алдым өзіңнен.  
Білім берген ұстаздарым, мектебім  
Есіме алам сарқылмаған төзіммен.

Құйылғанда жүдеміңге нұр сәулең,  
Жиналып екі шәкірт біткен әр жерден.  
Сол достарым көз алдымнан кетпейді  
Ұмытылмас жастық шағым бал дәурен.

Анам болған өзің едің мектебім,  
Шуағыңнан өркен жайып көктемдім.  
Ақыл берген, ғұмырыма сән берген  
Болашақтың белесіне беттедім.

Заман қалай зымырайды байқалмай,  
Жылдар жылжып өтсе дағы бірталай.  
Жарқын бейнең көз алдыма елестеп  
Сезім күңі тұрар мәңгі тарқамай.

## ҚАИРАН НАҒАШЫМ!

Келдім мен ескерткіш басына,  
Көңдім сабыр ет, жасыма,  
Көз жұмған ерлердің ішінен  
Ізедім атыңды асыға.

Таптым мен жолым боп жоралтым,  
Қуанып, шаттыққа орандым,  
Елімді жанымен қорғаған  
Өзіңе мақтанып оралдым.

Ізедім көп уақыт жалықпай,  
Сұрау сап, жаздым меп анықтай,  
Ерлікпен оққа ұшқан еменсің  
Жүрегім енді енді орнақты-ай.

Бақыл бол, қымбатты нағашым,  
Болмап еді мінезде оғашым,  
Смоленск топырағы торқа боп  
Мамықтай болсын жар тасың.

## АҚЫНҒА

(Кәкімбек Салықовқа)

Жыр жазған жүрегіңнен ақын едің,  
Айбарлы ел басқарған әкім едің,  
Көп жаса қуанышпен, жан бауырым  
Халқының әлештеген жақыны едің.

Көкшенің мақтанышы Кәкімбегім,  
Өзіңді қарсы алады туған елін,  
Торқалы тойымыздың құрметіне  
Бейнеңді өзім салып тоқып едім.

## АМАНАТ

(Балаларыма арнаймын)

Жан азабын тартсам да күйіп-жанып,  
Өсіріп ем сендерді өрге салып,  
Адам болып кеттіңдер, құлындарым  
Абыроймен жақсы деп атақ алып.

Талай талай тар кезең өтіп еді,  
Сонда да ұлдар есейіп жетіп еді,  
Көре алмастан қызығып әкелері  
Бұл пәниден арманда кетіп еді.

Сендерсіңдер қызығым жалғыз барым,  
Есте сақта дүниеде өзім барым,  
Бір-біріңе шетқақпай жасап жүрмей  
Өсиетін анаңның ұғып алғын.

Дәл табатын көңілдің артық-кемін,  
Балаларым, немерем және келін,  
Олай-бұлай боп кетсем, құдай сақтап  
Даригажан орымды басар менің.

Айтқан тілін сол қыздың тыңдап ұқта,  
Бет алдына ісіне қолың сұқпа,  
Бір-біріңе сүйеніп бола білгей  
Білдірмей анашыңның орыны жоқта.

Жан беру бұл дүниенің қымбаты екен,  
Ажарың жас кезіңнің сымбаты екен,  
Шат көңіл, шаршау білмес Шәмшияның  
Аманат балаларға бір хаты екен.

## МАҒЖАН АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛУ

Қамқоршысы жас ұрпақтың қашаннан,  
Жазықсыздан құрбан болған ер еді.  
Жарты ғасыр өткеннен соң ақталып  
Қуанғаннан жүрегім жыр өреді.

Төбем көкке тиюге де шақ қалдым,  
Сырымды да, мұңымды да ақтардым.  
Шындық жеңіп қайта құру кезінде  
Қаны кеткен азаматым ақталды.

Жұлдыз болу асылдардың салты да,  
Жұлдыз болып жанып едің жарқырап,  
Жүрегіңде сақталыпсың еліңнің  
Мұраң қалды өлмес мәңгі артыңда.

## МЕНИҢ АНАМ

Анам менің шебер қолды кісі еді,  
Терме тоқып, үлгіге сап пішеді.  
Ою-өрнек қиялымен анамның  
Бір аумастан алашаға түседі.

Анам менің іс тігуге шебер жан,  
Жүруші еді кеудесінде көп арман,  
Ыңылдап бір отыратын кездері  
Берік орын алды менің санамнан.

Өмір қатал, оның сондай заңы нақ,  
Анам қайтты біздер қалдық аңырап,  
Өзі өлгенмен ісі оның өлмейді  
Жалғастырдым қол өнерін қабыл-ап.

Бірі болдың жолдасы жоқ жесірдің,  
Көп баланы жалғыз өзің өсірдің,  
Ісімізбен ұқсасақ деп жүреміз  
Бола алмасақ дәл өзіндей кешіргің!

## АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАН

(Онкологиялық аурухананың бас  
дәрігері Өмірбек Байкеновке)

Ауру меңден келгенде естен танып,  
Ақ халатты абзал жан, сүйері анық.  
Өмірбектей ініміз бастауымен  
Озі құрған орталық күшін салып.

Денсаулығы халқымыздың зор байлығы,  
Дәрігердің мамандық ең айбынды,  
Шшагерлер күтімі, қолы жұмсақ  
Ұмыттырар емімен не қайғыны.

Күш-жігерін халқынан аямаған,  
Күтімге алып, әлпештеп аялаған.  
Бәйкеновтей байыпты, көзқарақты  
Аты мәлім дәрігер бар, абзал адам.

Арашасы ажалдың бола білді,  
Көз ілместен өткізіп талай түнді,  
Еңбегімен еліңен алғыс алған  
Бола білді бауырмал, жұртқа үлгі.



## ДОМБЫРАШЫ ЕДІ ӘКЕМІЗ

Домбырашы еді әкеміз,  
Ән салып, күйді шертетін,  
Ол саусағы жорғалап  
Жүректі тербеп, кететін.

Домбыра тартса ыргала,  
Көз салар биік шыңдарға,  
Жәй айтатын өлеңі:  
Болатын еді «Бір бала».

Қарамай бетке айтатын,  
Турашыл абзал жан еді,  
Қажымайтын-талмайтын  
Өнерге бар ед берері.

Жамандыққа бармайтын,  
Елім деген ер еді,  
Қызықпайтын дүниеге  
Жаны таза сері еді.

Құштар еді өмірге,  
Азамат еді бетке ұстар,  
Өзі жоқта, көзі бар  
Көңілге демеу сол құштар.

## ӨЗІМ ТУРАСЫНДА

Еңбегімнің жемісінен нәр алып,  
Келешекке үйретемін жол салып,  
Қол өнердің беше қилы түрлерін  
Өрнектеймін бір ниемен мың шалып.

Аруақ риза ата-баба өнерін,  
Жас ұрпаққа жалғастырып келемін,  
Бейнелерін тұлғалардың сап-алуан  
Матаға сап жіпмен тоқып беремін.

Керемудің топырағынан жаралдым,  
Сұлу Көкше жұпарынан нәр алдым,  
Еңбегі той анашымның үйреткен  
Республикада «шебер» болып саналдым.

Мадақтаймын әрқашанда елімді,  
Көкшетаудай гүлге оранған жерімді,  
Өнерлі өңір, табиғаты гажайып  
Жастары кіл дарынды да, білімді.

## АНА

Ана атын құрастырған үш әрін,  
Сол анадан тұрар бала күш алып,  
Шымдамды да, қиындыққа төзімді  
Сондықтан да, олар ана, ол алып.

Ана деген дәнекерші ақылды,  
Достастырған алысты да жақынды,  
Бар ананың тілейтіні бейбіт күн  
Сол үшін де құрметтейік атыңды.

Бүгінгі күн мерекесі ананың,  
Желбіреді көк байрағы қаланың,  
Биылғы жыл жақсылықтың нышаны  
Көрсек дейді шат күлкісін баланың.

## АБАЙҒА

Абайдай дана тудырған,  
Сарыарқа жері бізге құт,  
Абай жылы тоқсан бес  
Қастерле елім, құрмет тұт.

Халқына бүкіл қазақтың,  
Бірн шыңсың, тұлғасың,  
Азаттық жолын аңсадың  
Көре алмай кетті өз басың.

Ескірес мың жыл өтсе де,  
Қалдырған бізге өсиет,  
Мақтанышы халқымның  
Өзіңе әлем бас нед.

## ӨНЕРІМЕ ЖОЛ АШҚАН

(Айдар Хамзаұлы Мурзани мырзаға)

Ұл тудырған не жомарт сайын далам,  
Өнеріме қазақтың болған алаң,  
Бурабайдан шақыртып алған еді  
Шебер апам келсіп деп, Айдар балам,

Жас келгенде күш қайтып, тұла бойдан,  
Өнеріме жол ашып, көңіл қойған,  
Өнерімді көрсетіп Елбасына  
Атағымды шығарып, елге жайған.

Жақсы хабар жай жерде жатпасын да,  
Өнер сүйгіш қасиет бар басында,  
Қол өнерін мадақтап қазағымның  
Сый-сияпат көрсетті ақ басыма,

Ақ батамен адамзат өсіп-төлар,  
Бақ береке басына айтпай қонар,  
Өнеріме апаңның тәтті болған  
Ана сыйлап өскен жан сендей болар.

Кенде болмас жақсы жан не тілектен,  
Боламын деп осындай мен тілеші ем,  
Игілермен табақтас болдым балам  
Көп рахмет! Аналық ақ жүректен!

## ҚАНЫШ АҒА

Бағанауыл тумасы асыл аға,  
Елі берген өзіңе үлкен баға,  
Академик қазақтан, тұңғыш шыққан  
Ғылымының көркейтіп шамын жаға.

Елге жасар, еңбегің зор той үлкен,  
Жан едіңіз сымбатты, өте көркем.  
Қиындықтан қаймықпас салтың барды  
Тек білімді мадақтап, мәңсүк еткен.

Оқу оқып, жүрдіңіз елден алыс,  
Жеңқазғаның зерттеген сізге таныс.  
Басын иер жер ана қазыналы  
Ұлымыз деп мақтанар айтып алғыс.

Орын іздеп жатпай-ақ жайлы мына,  
Қен қойдыңыз жер асты байлығына.  
Тура жолдан таймаған бетін бұрып  
Таңданамын ағажап айбыныңа.

Халқын сүйіп жаныңды, халқың ұққан,  
Сақтандырдың ғылымды көзі сұқтан,  
Өнердің де, өр тұлға білгірі едің  
Геологы қазақтың алғаш шыққан.

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Ұлыстың ұлы күні, бүгін міне,  
Бір топ жас келе жатыр, ойнап күле.  
Қарттардың қабағында қайраты бар  
Заманға дәл осындай бақыт тіле.

Кигіз үй құрулы тұр дедеселі,  
Кішіген қыз-бозбала кілең сері,  
Кімешек киген ана, бөрікті шал  
Кешегі ардагерлер, Еңбек Ері.

Құйықалжын қазығиының талмас өні,  
Осылай ұлттық дәстүр жалғасады.  
Жағалай кестелі өрнек, қазақы ою  
Көз тартар үйдің іші келін сәні.

Тұлпарды ерттеп мінген қыз-бозбала,  
Кеттік деп тыпыршып тұр, жүр қозғала,  
Сүйкімді сұлу бикеш әзіл айтар  
Жарына жанындағы бек паздана.

Үй алды қазан-ошақ қайнап жатыр,  
Күреске дайындалды бір топ батыр.  
Ентелеп жан-жағынан ақсақалдар  
Көрсетер ақыл-айла, берін ақыл.

Наурызым — Жылдың басы көктем айы,  
Береке бірлің берген шаруа жайы.  
Дәстүрлі мерекеміз құтты болсын  
Татті бод келік құбаем, үйді шайы.

Қазырым ырыс берсін, өмір және,  
Болады сізден бізге қонаққаде.  
Шашуын маржан сөздің мен төгейін  
Тартылар табағыңмен, сыйың көне?

## АҚТАН КЕРІМ

(Жүсіпбек Аймауытовқа)

Міндет артқан өзіңе, ардақты едің,  
Жерлес едің ағатай жазушы едің,  
Әдебиет төрінен орын алды  
«Қарт Қожағым», аяулы «Ақ білегің».

Ұмытылмас ерлердің ер атағы,  
Халқы сүйіп сонда оны жаратады,  
Алақаймен ақталған, ардағымды  
Деп ойладым шындықтың таңы атады.

Ертісімнің толқыны тұрған ағып,  
Жас сәбиін орады жығға жалып,  
Театрым өзіңмен аталғанда  
Қуаныштан шаттандым күйін-жанып.

Арысымның бірі едің ақтан керім,  
Қайта оралдың сүйінші туған елім!  
Өзің барда өлмейді әдебиет  
Біздер үшін сіз деген үлкен сенім.

## ҒАРЫШ ҰЛАНЫ

(Ғарышкер Талғат Мұсабаевқа)

Ғарыш әлем, кеңістік сыры бөтен,  
Бел байлаған нағыз ер ұшар бекем,  
Ұлтымызда ғарышкер қатары өсті  
Мәртебе деп біздерге атап өтем.

Байқоңырдың жері алтын, сырбаз дала,  
Бой көтерген биікке ғарыш қала,  
Бар әлемді өзіне жалт қаратып  
Қазақтан да ғарышкер шықты жаңа.

Жақсылықтың нышаны ертелі-кеш,  
Кез келеді деген сөз, тіптен рас,  
Талғат ерім кемеге жан бергенде  
Отты түтін қалды артта сала құлаш.

Көк аспанды бірнеше күндер самғап,  
Зерттеу жұмыс жүргізді солай Талғат,  
Аға үлгісін әріге жалғастыра  
Мамандық сүй ұрпағым, бейде таңдап,

## ЖАМБЫЛ БАБАМ

Жамбыл бабам өгіпті, өмір төрінен,  
Домбырасы серік болып өзімен,  
Толғап кетсе топтап озған тарланбоз  
Шуақ нұры көрінетін жүзінен.

Бостандықтың жырын жырлап еліне,  
Дәнін септі шабытымен беріле,  
Сол дәнімен ұрпақ бүгін өсейді  
Сол дәнімен келешегі көріне.

Бабам жүрген ғасыр жолы бүгінгі,  
Ұрпақтары салт-дәстүрмен боп үлгі,  
Бақыт құсын ұшырып ед ол кеше  
Бақытты боп шырқан жүрміз жауыңды.

Жамбыл атам жырдан нөсер төккізген,  
Қиындықты бастан талай өткізген,  
Өз жырының арқауы етін ұрпаққа  
Сүйінбайдың өшпес даңқын жеткізген.

## МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ АРНАУ

(Дәрігер Жақсылық Төрегелдинге)

Жақсылық, жасың жүзге оза берсін,  
Басыңа бақыт құсы қона берсін,  
Алдыңа келген жанға емің қонып  
Күн сайын халқың риза бола берсін.

Қадірлі дәрігер деген мамандығың,  
Сақтайтын барлық жанның амандығың,  
Ердің жасы елуге келуіңмен  
Бағалап халқың келді саған бүгін.

Еліңе жан аямай еттің қызмет,  
Өркімге бола бермес мұндай құрмет,  
Науқасқа араңасы бола білдің  
Санаспай уақытпен күндіз-түн деп.

Көмекті көп іздейді адам бүгін,  
Күн сайын өсе берсін мамандығың,  
Шын байлық — денсаулықтың қорғаушысы  
Тілейміз емшілердің амандығын.

## ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні келмеді оңайлықпен,  
Талай боздақ көз жұмды, талайы кем.  
Төзімділік. Отанды сүйе білу  
Ерлер ұстар міндеті негізінен.

Жеңіс үшін жан салып тірі пенде,  
Қанша құрбан өмірін берді елге.  
Бүгінгі ұрпақ бақытын қорғап қалды  
Айналырмай өз елін күл мен көңге.

Қарулы күш халқымның ең айбыны,  
Сайысатын ерлердің мұз айдыны.  
Көкшеден де шықты ұл талай батыр  
Жеңе біліп не ауыр, не қайғыны.

Жеңіс күні бізге оңай тек келмеді,  
Халқымның да елдегі көп көргені.  
Көзін көрдік сол жылдың жаста болсақ  
Еске түссе жүрек шер, дес бермеді.

## ӘЛИЯҒА

Әлияның естен кетпес жарқын жүзі,  
Даңқы бар қазағымның батыр қызы.  
Тарихта өшпес ерлік із қалдырды  
Мың жауға төтеп беріп жалғыз өзі.

Тоқтаусыз нүлеметті дірілдетті,  
Жаңбырдай қорғасынды жауға септі.  
Әлемге ерлік атын әйгілі етіп  
Қайсар қыз дұшпанынан алды кекті.

Ерке өскен кең далада жылы жүзді,  
Әлия қазағымның батыр қызы.  
Риза боп ерлігіне туған жұрты  
Монумент өшпейтұғын ел тұрғызды.

Артына ерлікпенен қалдырған із,  
Шығыстың Шолпанындай қаһарман қыз.  
Әлия. Мәншүк болып жарқырап тұр  
Қазақтың аспанында екі жұлдыз.

## ТҰРМЫС ТАУҚІМЕТІ

Анам менің шала лизбез оқыған,  
Оқығанын көңілге алып тоқыған.  
Жауыз фашист қол сұққанда Отанға  
Әскерлерге киім тоқып отырған.  
Көмегі оның мынау болды бірінші,  
Тондар тікті, шұлық, қолғап екінші.  
Жас кезімнен мені іске үйретті  
Дәл сол кезде оқушы едім үшінші.  
Азаматтар ауылдағы соғыста,  
Жейтін нан жоқ, масақ тердік жұмыста.

Қатер төнді, ұлан-байтақ елме  
Жаны аштың болмады той туыста,  
Егін екті, әйелдер де, бала да,  
Спыр жекті ат орнына далада.  
Таң сәріден жұмыс істеп ерінбей  
Жоқтатпадық ер азамат жолында,  
Көмектесіп үлкендерге дем беру,  
Міндет еді қырман кезіп дән теру.  
Бала-шаға, қатын-қалаш өзмелі  
Ойлайтыны қайтып қана күн көру,  
Аусыл болып спыр жатты қорада,  
Шөп шықпады қойтар жейтін далада,  
Көтерем боп малдар жиі қырылды  
Қырық үш пен қырық төрттер шамада.  
Сабақ берер мұғалім де қалмады,  
Оқуда жоқ балаларда болмады.  
Сол бір жылы мектебіміз жабылып  
Шешуі жоқ іс болған-ды толғағы.  
Сонда дағы ел боп, жұрт боп күтіндік,  
Өшпей қалды қаншама үйде түтіндік.  
Білім алдым тырбанумен, тынымсыз  
Керекуден училище бітірдік.  
Заман солай ей, шырағым болған-ды,  
Қазір міне сөз айтамыз толғамды.  
Не бір қиын кезеңді де көрдік біз  
Жас ұрпағым азамат бол талғамды.

## ЗЕЙТІН АҒА

Жазушы, әрі ұстаз Зейтін аға,  
Шығып ең Керекуден жеке дара,  
«Шынардың шыбығындай» бір туындың  
Халқыңнан орын алды жүрек жара.

Өмірің «Жаяу Мұса» терең зерттеп,  
Көсілдің қара сөзді аттай ерттеп,  
Қаламың жорғалаған қарымды еді  
Жастарға үлгі берер нағыз мектеп.

Оятты өр халқымның махаббатын,  
«Ақбелдің асуында» хикаятың,  
Жаздыңыз не бір асыл аяулыны  
Шындықпен шымылдықсыз ашылатын.

Ел жұртың жазғаныңды оқып сүйген  
Бақ беріп Баянауыл басын иген,  
Абзалым асыл туған азаматым  
Топта озған жүйткіні бірден алтын күймең.

Нақылын нар халқыңның теріп едің,  
Қиындық не бір зұлмат көріп едің,  
Дәлелдеп сөз зергері екеніңді  
Халқыңа көп дүние беріп едің.

## МАЙДАНЫМ

(филология ғылымының кандидаты, аяулы  
ұстаз М. Хасенова сіңіліме)

Майдан деп қойған ырым ғыш, сенің атыңды,  
Жан едің жібек, жүрегі нәзік тартымды.  
Ұстаз боп келдің, ұзақ жыл шәкірт мәңгелеп  
Сүйсінтіп бүгін арқалы мынау халқыңды.

Қазақта сендей санаулы қыз бар, саналы,  
Адам ғып шыққан ұшырып көкке баланы,  
Ұядан ұшқан ұстаз боп бүгін ұрпағың  
Мақтаныш қылып өзіңді жаным санады.

Көржейін бүгін гүлімдей жайнап өсе бер,  
Жолдасың қандай өзіңді сүйген әсем ер.  
Аналық жүрек шәкірттен әсте айнымас  
Қайтады түбі маңдайдан аққан асыл тер.

## АЛПЫСҚА КЕЛГЕН АРДАҒЫМ

(Саясаттану ғылымының кандидаты  
Қ. Қабылов мырзаға)

Алпыстың асқарына келіп қалдым,  
Құттықтап Қажыбайым қолыңды алдым.  
Қайтпаған не бір даудан өжет ерім  
Көкшеде тұшар болып аргымағым.

Асқақтап арманыңның асыл бағын,  
Түспесін дұшпаныңнан тозып сағың.  
Отбасыңмен өмірде бақытты боп  
Көкке өрлесін шарықтап сара бағың.

Тойың-тойға ұлассын асыл ерім,  
Мақтап тұтып әрдайым Көкшең сенің.  
Асқарынан алпыстың асуымен  
Шәмшия боп шаңу аң келдім бүгін.

Саясатқа зеремсің тылым құдың,  
Ұлы болып елімнің ер боп тудың.  
Әрі ұстаасың шәкіртке білім берер  
Тәуекелге бас қойып белді будың.

Жұртың білер жаны ізгі жүрегіңді,  
Сұсты келген аққұба реңіңді.  
Бата берем қол жайып, мен өзіне  
Арнайы жолдан бүгін тілегімді.

## АСЫЛ ЖАН

(Бурабай аймақтық демалыс және  
сауықтыру кешенінің бас дәрігері  
Бұйратай Сүлейменоваға)

Адам жанын түсінер ақылы ұста,  
Ажар көркі ұқсайтын аққу құсқа,  
Мінезі бар салмақты, жүрегі ізгі  
Сыр шашпайды бөтенге бостан-босқа.

Әрі ана көп көрген тәрбиелі,  
Құрметтеген көтеріп Көкше елі.  
Мейірімді шипагер жаны жайсаң  
Бурабайдың ерке өскен, нәзік тәлі.

Оқжетпестің мұнартын шың мен құзы,  
Құшақ жарар келгенде дәрігер қызы,  
Жұмыс басты болса да, табар уақыт  
Шоқ боп жанған Шортанның бір жұлдызы.

Үлкен, кіші демейді күтер бәрін,  
Сауықтырып емменен дәру жанын.  
Дерт жайлаған мүшеңді мүскіндей ғып  
Алақанның жіберер ыстық табын.



## ӨСИЕТ ТЕРМЕСІ

Термедеп жарды бастайын,  
Алқынып асып-таспайын,  
Алдарына ой тастап  
Шақылдан сөзді тастайын.

Бұдыр-бұдыр келеді,  
Қазақта дала не кня,  
Егеменді ел болып  
Енді отырмыз ес жия.

Нім десеңдер әлеумет,  
Бұл термені шығарған.  
Халықтан шыққан қарағым  
Шебері болам Шәмшия!

Ақылы бар азамат,  
Сөзімді ұғып тыңдар жан,  
Не көрмедік дүние-ай  
Бәрін бастан өткердік

Арқалап жүріп алты жан,  
Бағып-қағып жеткердік,  
Мекенім туған Құлатты,  
Ағамды алып қыршынан  
Сұм соғыс мені жылатты.

Теріп масақ егінен,  
Қайтушы едік тұнқатты,  
Анам болса ел үшін  
Әскерде жүрген ер үшін  
Түніменен көз ізмей  
Тон тігіп, тоқыр қолғапты,  
Амандығын тіледік,  
Қайғыменен мұңайып,  
Шет жерде жүрген солдатты,  
Жадына сақта ұрпағым,  
Айбыны болар ортаңың,  
Тілі мен діннен безгеннен  
Бойымды жия қорқамын.  
Оқу оқып, білім ал,  
Азамат бол ардақты,  
Елбен-делбең бос жүрмей  
Жұмыс жаса салмақты.

Үйлеп бала-шаға бол,  
Бірін сүйіп мәңгілік,  
Көрінгенге көз салып  
Тастап жүрмей қармақты,  
Елің үшін еңіреп,  
Елің үшін жаның сал,  
Қолдың кірі болады  
Арамнан жиган дүние-мад,  
Жұмыс жаса салмақты,  
Жетім-жесір жандардың,  
Ақысын жеме жылатып,  
Қолыңнан келсе көмек қыл  
Жылаған жанын жұбатып,  
Ана тілін анаңның,  
Тербеген сені алды,  
Сол тілменен өстің сен  
Көркейіп бүгін жан-күйің,  
Көрсө қызар, қызғаншақ,  
Жандарды көрсем түңілем,  
Кестемен тоқып кілемді,  
Өрнегіме үңілем,  
Бюрократ, ұрдажық,  
Бастық көрсек таса жүр,  
Ізінді баққан сұмдардан  
Оқ бойы жаным, қаша жүр,  
Өсиет айттым қарағым,  
Өмірден көп ед, көргенім,  
Ер қызы болдым халқымның  
Кестемен жарды тербедім,  
Көрінгенге ілесіп  
Жамаудық жолға ермедім,  
Көненің көзін жалғаған,  
Ұрпағыма арнаған  
Кесте болды ермегім!  
Халқымнан шыққан атақты,  
Айбыны күшті Абылай,  
Қанығалы Бөгенбай,  
Қаракедей Қабанбай,  
Суретін салдым кестелеп,  
Гүлменен өріп, дестелеп,  
Қазақтан шыққан батырым,  
Не бір дүлдүл ақынын,

Бейнесін тоқып, түрлентіп  
Қоңілімді бірлентіп,  
Алғысын алдым, аянбай,  
Қасиетті халқымның,  
Қасиетті халқымның!

### КОКШЕТАУДЫҢ КЕЛБЕТІ

Айналдым Көкшетауым келбетіңнен,  
Жүресің қиялымды өрлетумен,  
Жыр арнап қыздай сұлу дидарыңа  
Көлемін жүрегімді тербетумен.

Жасай бер сексен нәлді қымбатты өлкем,  
Сыр тұнған байлық қонған өңір көркем,  
Жастарым бағыт алып болашаққа  
Саяннан самғай ұшсын жайып өркен.

Көкшемді жырға қосам, өнге қосам,  
Жайқалып жаз гүліндей өнген ортаң,  
Халқыма қуаныштың нұрын сеуіп  
Арайлап атсын дейміз, ғажап әр таң.

### ТУМА ТОЙЫНДА

(Мағрипа Сыздыққызы Құрманғалиеваның  
немересі туғанда)

Бүгінгі біз жиналған тума тойы,  
Билеген қуанышты өне бойды.  
Ұлассын тойың-тойға деп тілейміз  
Жүріңіз күліп-ойнап шат боп ойлы.

Мағрипа жақсы әжесің сөзге берік,  
Жарыңа бола білдің адал серік,  
Біз дағы ортақтас боп қуанышқа  
Той басы өлең-жырға бердік ерік.

Жан-жақтан балаларың өріп бейне,  
Жиналса бұлақ болып төгілмей ме?  
Айыртау өңіріне биік болып  
Әкесің шаңырағындай көрінбей ме?

Нәресте қыз келді той бұл өмірге,  
Бесігі көркейтіп тұр үй төрінде.  
Нісі немеренің балдан тәтті  
Қуанып қуат берер бір өзіңе.

Тойыңда келіп отыр көп халайық,  
Дәстархан атағыңа ең лайық,  
Қосылып құдағымен бәріңіз де  
Жыр арнап нәрестеге ән салайық.

## ҚҰТ ӘКЕЛСІН

Жаңа жылдың алдында тоқсан жеті,  
Ойлаған арманына халқым жетті,  
Орнады Тәуелсіздік Монументі  
Шығармыз қиындықтан түзеіп бетті.

Жаңа жыл, құт әкелсін елімізге,  
Береке нәсіп берсін жерімізге,  
Жастарым саналы боп өсе берсін  
Бақ орнап, байлық тұнып елімізде,

Елі үшін Абылайдай туған дара,  
Айтамын мың бір алғыс Нұрсұлтанға,  
Ойлаған әр халқының бозашағын  
Көз ілмей жеткізем деп ала таңға,

Уа халқым, адал да, асыл жүрегіммен,  
Бас нем жыл келгенде ана боп мен,  
Мәнді де, мағыналы жыл болғай деп  
Тәңірден тілеуменен жүремін мен.

## АРДАҚТЫ

(Сәруәр қызыма арнаймын)

Өмірде еңбен жолы асқар бәлік,  
Бақ берген кей адамға алла ұйып,  
Сәруәр айналайын, алтын қызым  
Бойына адамшылық тұрған сыбып.

Риза болып қараймын бұл қызыма,  
Басшысың жас та болсаң бір ұжымға,  
Бойында қайрат пенен өжеттілік  
Шіркін деп санайтындай ел қызыға,

Көрінген мінезінен не ойлар тың,  
Ақылдың асыл туған ардақтысың,  
Кешікесі жапұяның ең еркесі  
Жапыңды салмасыншы қайғы мен мұң.

Дүниеде адам үшін қымбат Отан,  
Қызым деп мен өзіді қадыр тұтам,  
Ата-ана өнегесін алға апардың  
Мәртебең бәлік болсын, сенің қалқам.

## МАҚПАЛҒА

Шақыртып Көкшетаудан астанаға,  
Көрсетіп сый-құрмет жас балаға.  
Поездан қарсы алғанда Мақпал бізді  
Бөлендік қуанышқа қас-қағымда.  
Түсірді қонақжайға «Қазақстан».  
Құлыбырған айнала гүл, шешек атқан,  
Өнерін үш Мақпалдың тамашалап  
Артистер, азын-жыршы еттік мақтап,  
Дарының балаларға жұқсын деймін,  
Өнердің ауыр жолын ұқсып деймін,  
Ибалы қазақ қызы Отанымның  
Жұлдызы өнерімнің болсын деймін.

## ДАХАНАҒА

Ағамыздың туңғышы едің ақ қана,  
Білім күні туған едің Дахана.  
Жас күніңнен ақылды өскен бауырым  
Мен өзіңе жүрем ылғи мастана.  
Өр ісіңнен үлгі-өнеге жайқалып,  
Оз теңіңнің алды болдың байқалып,  
Жанұяда сыйлы болдың еліңе  
Жүруші едің қуанысқа шайқалып,  
Құтты болсын жаңа орын көшің де,  
Астананың орналастың төсіне,  
Тілек айтам, ренішсіз өмір сүр  
Барлығына алда гүлбар берсің де,  
Құттықтаймын сені бүгін Дахана,  
Денің сау бол, тұрмыс жаса шаттана,  
Екі қызың қанытыңның астында  
Жүре берсін бастарына бақ қона.

## ҰЛАҒАТТЫ ЖАН (Рүстем Шерияздановқа)

әні бар

Еңбек еткен жасынан,  
Қаржы-бақылау маман,  
Құттықтаймыз біз бүгін  
Рүстемдей туманы. (2 рет)

Жақсылармен жүздескен,  
Жемқорлармен күрескен,  
Ол кім десе халайық  
Жан бауырым Рүстем. (2 рет)

Қай салада жүрсе де,  
Ісіне адал азамат,  
Үлгілі әке, жақсы жар  
Көрген адам таңғалат. (2 рет)

Жақсылармен жүздескен,  
Жемқорлармен күрескен,  
Үлгі алыңдар жастарым  
Осы ағаңнан Рүстем. (2 рет)

Асыл жердің перзенті,  
Көкшетаудың келбеті,  
Жас шығынан талпынып  
Білім алып, ер жетті. (2 рет)

Жақсылармен жүздескен,  
Мықтылармен бірлескен,  
Ілгі алыңдар жастарым  
Осы ағаңнан Рүстем. (2 рет)

Орыншадай орнықты,  
Әйел алсаң, сондайды ал,  
Екі көзі мөлдірет  
Бір бойында бәрі бар. (2 рет)

Қара көзді сүмбіл шаш,  
Рүстемге тең келген,  
Ақылды әже, жақсы ұстаз  
Білім берген, нәр берген. (2 рет)

Әке жолын қуған қыз,  
Жанұяда ай-жұлдыз,  
Тойға ұлассын тойыңыз  
Аман болсын ұл мен қыз.  
(2 рет)

Жақсылармен жүздескен,  
Парақормен күрескен,  
Ол кім десе халайық  
Той несі, Рүстем, Рүстем.  
(2 рет)

### АЛЫП ТҮЛҒА

(Д. А. Қонаевтың рухына бағыштаймын)

Ақыл-күші бойына болған бірдей,  
Кемеңгер ер жаралған алтын күндей,  
Қазақтың бетіне ұстар қаймағы еді  
Ортасынан от алған жалғыз бірдей.

Әлі есімде Бурабай қыстағында,  
Сәлем бере келіп ед көп қауымға,  
Шетте тұрғам қазақы киімменен  
Қол түсіп бас нәд алып тұлға,

Ана сыйлау қазақтың бір өнері,  
Парасатты жан дедім кемеңгерді,  
Көргенім жоқ содан соң Димекенді  
Ұзақ кетті оралмай, содан кері.

Қаранайым қазақтың бір баласы,  
Болып еді ана елге нең данасы,  
Жәрдем берген жетім мен кем-кетікке  
Халқы сүйіп сыйлап ед ел ағасы,

Енді осындай келер ме алып тұлға,  
Қазақ деген халықта батыр ұлда,  
Бүрсінесің өмірге шара бар ма  
Алып кеткен арадан ажал сұмға,

### ҚЫЗЫМА

(Құралай Ғазизқызы Ыдырысоваға)

Жігерлі жас Құралай аты мәлім,  
Айтқызбай-ақ ұғатын адам жаның,  
Терең ойлы, талантпаз, тілге шебер  
Келтіреді сөйлесе сөздің мәнін.

Аңдайтуғын не тузу, не бұрысты,  
Тасаяқтай қақтырар бар жұмысты,  
Қолдан келген көмегің аямастан  
Жақсылықты жасауға ол тырысты.

Ақылы да көркіне сай келген-ді,  
Сүрінгенді көтеріп демеген-ді,  
Өзіңіздей қыз бала көптеу болса  
Гүлденер ед еліміз Егеменді.

Құралайым Көкшөмнің көркем қызы,  
Еритіндей түрше жүрек мұзы,  
Астанаға ақ жолмен аяқ басты  
Тартқаннан соң алланың дәм мен тұзы.

Бақытты бол еңбегің жана берсін,  
Атағыңа апайың қана берсін,  
Қызметте, өмірде жолың болып  
Озып шығып беделің дара келсін!

## НӘР БЕРДІҢДЕР

(Әутәліп жездей мен Мүслихаға)

Ер қайда еңбек десе, десе бермеген,  
Қобалжып еш нәрседен бөскенбеген.  
Үстаздың ұстазы деп біз айтамыз  
Ағаны — Әутәліпті көрген жерден.

Жаһанна шәкіртінің күйігән азық,  
Білімнің құдығынан терең қазып,  
Мүслиха ағамымен қос аққудай  
Сүйеніш бола білді алтын қазық.

*Армада өмірінің не бір шағын,  
Жайыттып жеткіншектің алтын бағын.  
Сонау күн өтіпті той тез арада  
Тебіртеге еске салып адам жаңын.*

Нәр берді өміріме, ащы арман,  
Үстазым әлі есімде, мәңгі қалған.  
Келемін жалғастырып игі істерін  
Маған да жетіс келті-ау дүние жалған.

Аламыз Мүслихадай жұрттан озған,  
Қыя еді бір рудан елі Қозған.  
Жездеймен өмір жолын жалғастырып  
Тұмырын татулықпен әрі созған.

Тілеймін бақытты өмір от басына,  
Алтын той дүбір болып жатқасында,  
Немере тәрбиелен алдына алып  
Қос ұстаз ұл-қыздары ортасында.

Алғашқы өміріме берген сусын,  
Бұлардай адал жандар қайдан тусын,  
Томырағы Керекудің қасиетті  
Қара Ертіс суын балдай иеткен нусын.

*Қызымын мен де Ертістің Шәминя атым,  
Әбекен, Мүслиха апай маған жақын,  
Алғашқы ұстаздарды сағынғаннан  
Ардақтап қадыр тұтам есе ап атын.*

## АБЫЛАЙ АЛАҢЫНДАҒЫ ОИ

Жыр келді жүрегіме алаулаған,  
Келеді орындалып талай арман.  
Үш жүздің жақсылары хан көтерген  
Айналым Абылайдың аруағынан.

Шіркін-ай, тамсандырған кербез Көкшем,  
Тоймаймын күнде оралып, күнде көрсем,  
Абылай алаңынан шабыт алам  
Сыйынып аруағына барып келсем.

Нұр алған күндіз күнмен, түнде айдап,  
Жаралған сұлулықтан тажамайтан,  
Төрінде Оқжетпестей серісі бар  
Айналым Айнақолді Бурабайдан.

Сұлулық бар бойында тұнып тұрған,  
Жеке батыр, Жұмбақ қыз қызықтырған.  
Етегінде қараған, жайып сыңсып  
Көрінеді көзіме алып тұлған.

Сәуен жырлап өтіпті өз кезінде,  
Тиек болған келбеті нұр сезімге,  
Бурабайым бақытым байтақ өлкем  
Көрінесің керемет сен көзіме.

## АРЫСТАР

(Бейімбет, Сәкен, Ілияс рухына)

Елі үшін, еңбек еткен іргелі,  
Ой-өрісі өте озық күрделі,  
Арыстарым-айбындарым аяулы,  
Көзі көрген тар қанасты, түрмені.

Асыл туған анасынан зау-зала,  
Қажымайтын қай кезде де қайраты,  
Бейімбет неп Ілияс және Сәкенім  
Қазағамның ардақтысы айбаты.

Бой алдырған өнеріме беріле,  
Орны бөлек әдебиет төрінде,  
Суреті тұр, тірісіндей жыммып  
Көрік беріл азаматтар төріме.

Көтергенде елім енді епсені,  
Бейнелерің естен кетпес еңселі,  
Арманда бол алыс кеткен арыстар,  
Жырға қосам жүрегіммен мен сені...

## БАҚЫТ ТАПТЫМ

Қолға ұстап біздімі кесте тігем,  
Тұмаршалап көрнеше шетін бүгем,  
Әр алуан жіптерден бейне жасап  
Портрет қып, нақыштап төріме ілем.

Тоқығанда түрлерер келіп сөпі,  
Оюдың да сыры көп, терең мәні,  
Бояудың да бұларға өсері мол  
Түрлендірер кілемнің нағыз жаны.

Бабын тауып ойлы шебер қолданар,  
Әр оюдың өмірде өз орны бар,  
Қиялыман туған асыл бейнеге  
Көрген жанның есі кете таңданар.

Қолдан келмес алла өзі бермесе,  
Әр өнердің орны бөлек өзгеше,  
Шеберлігім шартарапқа танылды  
Бақыттымын бұл өмірде ендеше.

## ЕР ДӘУЛЕТ

(Еркін күрестен әлем жеңімпазы  
Д. Тұрлыхановқа)

Бақ бітсе төске шауып, басқа өрлер,  
Қазақта өгіп еді, не бір ерлер,  
Ойылып қызықтаған Дәулетжанның  
Қол соғып, Қазақстан, басқа елдер.

Тәу етіп аруағына кие тұтам,  
Күрестің пірі болған Қажымұқан,  
Дәулетім ел мерейін көтеріп ед  
Палуаным, кең нықты әсем сұлтан.

Қазақтың күш өнері асса екен деп,  
Төсіне не бір медаль тақтырып ед,  
Дем піскен не бір алып палуаныңды  
Лезде жамбасқа алып, лақтырып ед.

Айтқандай өзің шырақ батыр анаң,  
Өнерім аралап ед, дүние жаһан,  
Аймалап анаң болып, ер құлыным  
Алдыда ақ жүректен сыйлық тартам.

## АҚ БАТА

(Қуаныш Сәкенұлының оқу бітіру тойына)

Қоңілді қош көтерсең кетер қайғың,  
Өмірі оқу-білім үлкен айдың,  
Қуаныш алғаштеген жас бала едің  
Тұқымы Қажымғалы Бөгенбайдың.

Әжең де арузтанар жыр демесе,  
Ата-ана қуанышы сен емес пе,  
Міне енді көмелеттік жасқа жеттің  
Өркенде дәу жігіт боп талып өсе.

Орыны ата-ананың болар бәлек,  
Адам бол айналайың елден ерек,  
Жоғары білім алып, маман болшы  
Отбасын шат-шадыман ренге бөлеп.

Жас кезің бүлдіршіндей жаған мәлім,  
Беремін оң батамды саған жаным,  
Бақытты, мейірімді, гүлжарлы бол  
Түсініп бұл дүниенің қызық мәнін.



## ДОМБЫРА

Көне аспабы қайран қазақ ұлтының,  
Ғасыр бойы жырлап келген, ел мұңын,  
Қасиетті киелімің домбыра  
Шығаратын шанағынан, сазды үн.

Қолыма алсам, тарих тербер ойымды,  
Қыздырасың алау беріп бойымды,  
Сеніменен серік болсам талай жыл  
Баста енді өзің мерейтойымды.

Сал-серілер тастамаған жанынан,  
Жаратылған ата-бабам қапынан,  
Ұрпақтарға жалғастырып өнерді  
Той-думанға дәнекер боп табылған.

Сенде үні ғасырымның өткені,  
Сенде менің жастығымның көктемі,  
Ойып тұрып орын алдың төрімнен  
Күйі болып құмарымның шектегі.

## САНАТОРИИДЕ

Душы мен ванналары өте жақсы-ақ,  
Кұйылып қытықтайды тым ырғақтан,  
Ішінде шипа судың, денең балқып  
Қойды сымдай етіп тік құдақтан.

Тер шығып шып-шып етіп маңдайынан,  
Арыларсың аз уақыт, мең-зең жайдан,  
Алтыс екі тамырды идіреді  
Көңілің ашылғандай үнді шайдан.

Гүлнаржан саусағымен шымшып тартып,  
Массажды жасағанда бойың балқып,  
Айлап ысқылаумен уңалыса  
Қалады содан кейін көңіл шалқып.

Содан соң сауна барсаң ысып тұрған,  
Сіңірменен өседі ет пен тұлғаң,  
Су астында душ алсаң шымырлауып  
Шыдамың шыдай алмай кетер мұршаң.

Ораған ыстық балшық шүберекке,  
Аяққа сырқыраған ол керек те,  
Қозғалмастан жатасың жарты сағат  
Жеңілденіп кетесің түрегеп те.

Шырыны түрлі шөптің бал қосылған,  
Жіберер түтікпенен өңешіңе,  
Тамақты сан аурудан сақтандырар  
Дәрігердің дурыс шығып кеңесі де.

## АЛАШЫМНЫҢ АРДАҒЫ

(Ахмет Байтұрсынұоқа)

Елім десе ет жүрегі бар еді,  
Алашымның ақылы кең нары еді.  
Тіл кітабын терең зерттеп танытқан  
Қазағымның бетке ұстар ары еді.

Аққу еді айырылған сыңардан,  
Өмі қандай «Аққу» атты шығарған.  
Озық ойлы азаматым, аялы  
Жол табатын небір қалың тұманнан.

Үшін елді ажал болып қандапты,  
Сазын қойып қыр соғынан жалдапты,  
Қолың сыңғыр отыз жеті жеңдеті  
Қалай ғана көзі қып сені атты.

Сет етпейтін біреу сөз ғып күндесе,  
Нәмарт едің, жан беретін тіл десе,  
Жарқын бейнен, жомарт елде жаттауды  
Ұрпағың жүр, ізін басып үндесе.

## АНАЛЫҚ ТІЛЕК

(ақын-жазушы Төлеген Қажыбаевқа)

Анай дейді, мен оны балам деймін,  
Жазушы боп сүйсітті ел мерейін,  
Сұлу Көкше ұрпағы бұл Төлеген  
Ізетті жан өнерге аса бейім.

Әрі ақын атағы мәшһүр көкше,  
Драма да жазады оқта-текте.  
Үкілі Ыбырай рухы риза болсын  
Ер бабасын көтерді, сөзбен көкше.

Бодан болған күш қайтып, тұла бойдан,  
Жұтты жазды еліне салған ойран.  
Шындық бетін ақтарған, бұл кітабы  
Есерткіші болады-ау елге қойған.

Өңде жазып кетеді, шабыт келсе,  
Дарын деген оңай ма, құдай берсе,  
Алтынбектің өңіне жазған сөзі  
Аққу болып самғады ел есінде.

Мақтанышым бір туар Төлегенім,  
Саған риза бұл Көкше, сұлу елің,  
Анадағы осы өнер арқасында  
Міне, биыл мен дағы жетіс келдім.

Алғысымды аямап мен аналық,  
Өнерінді жүре бер сен пана ғып.  
Бақытты бол қарағым, ұрпағыңмен  
Қаламыңнан тусыңшы не даналық!

## МАҚТАНЫМ — МУХТАРЫМ

Жасыңнан көлеңкеге келмей бүккыш,  
Есейіп өмір сырын ерте ұқтың,  
Көтеріп ұлы Абайды биік шыңға  
Басына Мұхтар аға өзін шықтың.

Кезінде қатарыңнан аласталдың,  
Сонда да бағытыңнан адаспадың,  
Нақастап Жүсіпбектер көз жұмғанда  
Сен қалдың көсемі боп алаштардың.

Өзінді ұмытпайды аға, ешкім,  
Артыңда ізің сайрап жүзге жеттің,  
Қазақта жазушылар көшін бастап  
Артына мол дүние тастап кеттің.

## ТАБИҒАТЫМ — БАҚЫТЫМ

Табиғатым — бақытым,  
Өзіңнен тыныс аламын,  
Көңілімді шалқыттың  
Көркіңе қайран қаламын.

Барыңды халқым бағала,  
Қоқыстан жерді тазала,  
Бұлақтың көрсен көзін аш  
Суы толсын арқаға.

Болашағы үшін даланың,  
Баршана жар саламын,  
Қарашықтай саңтайық  
Қуарып Жер-ананың.

## АНА ТІЛІМ

Тоқырау кезеңінде кенже қалып,  
Бәріміз ортақ тілде білім алдық,  
Желтоқсан келмегенде аз ақ қалдық  
Кетуге тоз-тоз болып тілім азып.

Қор болды-ау жетпіс жылдай ана тілім,  
Жүрегім сені ойласам тілім-тілім.  
Қазақтың тілін қорғап шыға келді  
Апаттық алғаннан соң туған елім.  
Ана тілім сүйенерім, сенерім де,  
Сенсің менің, өмірде тірегім де,  
Қамқорлыққа өз тілім алынған соң  
Жылып кетті аналық жүрегім де.

## ЖЫР ДАРИЯСЫ

(Сұлтанмахмұт Торайғыровқа)

Жырга бөлеп сусатқан адам аатын,  
Елге мәлім Махмұт сенің атың,  
«Кім жазықты» дастаның жүрегімде  
Күн боп өткен жыр қылдың әйел аатын.  
«Қамар сұлу» кезінде зар илеген,  
Қатыгез бе қайтейін заман деген,  
Қаламыңмен түнекті түріп аштың  
Жыр дарияда жарқылдап, алтып кемең,  
Біліп айтсақ ол сенің ұсталығын,  
Сөздің бе екен өмірдің қысқалығын,  
Абайдан соң дүниеге ақын келді  
Деген түйсік сақталды, халықта ұғым,  
Жиырма жаста жігермен от боп жандың,  
Баянауыл төрінен қуат алдың,  
Тілге шешен Шоң биің ұрпағы едің  
Сол жырыңнан сусықдан менде қандым.

## САРА СІҢЛІМЕ

(Республикалық «Бөбек» балалар қорының президенті Сара Алпысқызы Назарбаеваға)

Хан болған қазақ ақылы асып қарадан,  
Қаршыға қызын ұлын еді балаған.  
«Бөбектің» бағын бар әлемге танытқан  
Айналдым бүгін абзал боп туған Сарадан.

Аймалап сүйсін ақ батам сенің бетіңді,  
Елжіреп сөйлер әр сөзің жұртқа өтімді.  
Қамқорлық жасап қанатыңа алдың,  
қаймықпай  
Панасыз қалған жас сәби, бөбек жетімді.

Өмірің бақыт, өмірің сәуле шат болсын,  
Сарамыз қандай сара еді деген ат болсын,  
Халқыңның биік мәртебесіне бәленіп  
Басына бүгін жақсылығы мол бақ қонсын.

## РАШИТКЕ

Алшығиң бүгін жетің белесіне,  
Еселі еңбегің бар ел есінде.  
Досың көп, дұшпаның аз соны білем  
Әркімің тие бермес үлесіне.

Тойыңа қошемет қып келдің бүгін,  
Көкшенің сәлем айтқан тартып жүгіні,  
Дос-туыс, бажа-балдыз ортаға алып  
Атауда Рашиттің тойлап күнін.

Соғады қайда жүрсек жүрегіміз,  
Өздерің сүйеу тартар тірегіміз,  
Қызығын балалардың тамаша тыйп  
Жастарың жүзге жетсін тілегіміз.

Жаныңның нұр шуағын төгіп бүгін,  
Арның ақтамапсың адал жібін,  
Жақсы әке, ұлағатты абзал жарсың  
Сақтаған шаңырақтың беріктігін.

## НЕМЕРЕ МЕРЕҢІ

Зейін қойсаң қай кезде, көңіл ұстар,  
Оқу оқып, білімге болдың құштар,  
Нұрланғаным нұрлы бұл заманда  
Өсіп жатып есейіп өзің тұстар.

Ата-анаңның қадірін сыйлап сақта,  
Жас өркенсің гүл шашар өсем бақта,  
Жалғастырып оқуды одан әрі  
Ғылым құып, ғалым бол біздің баққа.

Мен өзіңе шырағым мақтанамын,  
Шын көңілмен пейілімді ақтарамын,  
Атаң сені ерекше жақсы көрер  
Жақсы болсаң үмітін ақтағаның.

Бүгін міне отырмыз қуанышта,  
Не жетеді өмірде жұбанышқа,  
Анаң болып өзіңе айтар ақыл  
Азаматтың ардақты жолын ұста.

## АНАДАН АҚЫЛ

Жанболат қулағың сал жақсы бала,  
Қоямын саған сауал, жалғыз ғана,  
Үйлену, үй болудан өте оңай  
Сол жағын зерделеп бір ойладың ба?

Ойласаң ақыл толып екеуін де,  
Келіңсің кәсілетке толып міне;  
Гүлдесің өмірлерің нұрлы болып  
Қосылып қуанайық мына бізде.

Айқарып артқа тастап жастық шақты,  
Білім аң екеуіңнің санаң артты,  
Үлесін келешектің алдын теріп  
Дарига оқуың да аяқтанды.

Тұрмысқа бөгет болар не соқпақтар,  
Ұмытпа алда талай қиындық бар,  
Ақылмен сабыр етіп ойласаңдар  
Жеңе біл қиындықта артта қалар.

Болыңдар жаман істел өте аулақ,  
Жүрмесін қауып қастар сені баулап,  
Көзіңше өтірік күліп, ішіңе ене  
Сыртыңнан шыға бере жамандамақ.

Сендерді алдау енді қып болар,  
Сескенің дұшпандарың сырттан ығар,  
Екеуің үйі боп жақсы өмір сүрсең  
Болады не бір өмір талай жылдар.

Жас толық, ақыл кемел сендерде күш,  
Некеле бет алдыңдар қылып өтіңіз,  
Сырласып үш жыл бойы сыр алдыңдар  
Болмайды соңында енді еш өкініш.

## ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ МӘҢГІЛІК

Шырқап кетер кейбір уақыт көңілің,  
Аяқ асты басар сені қоңыр мұң.  
Көңбеймін деп талпынсаң да болмайды  
Тіршілікте заңы сол той өмірдің.

Қатар жүрер қуанышы, кірбіңі,  
Өмір солай, жалғасады тірлігі.  
Қас-қағымда алып кетіп сұм ажал  
Балаларды зарлатады-ау бір күші.

Бұл өмірден ығай-сығай өтті мың,  
Өң мен түстей, қайда кеттің жастығым.  
Ажал жетсе ара тұрмас еш адам  
Қалар бір күн жанал жүрген боқтығың.

Тағдыр жетсе қоймас сені көндіріп,  
Ажал отын дәл тобене төндіріп.  
Артта қалар білім-өнер, тарихың  
Шырағыңды жәли еткізер сөндіріп.

Шырағыңда тұрар менің нұр тұлғам.  
Өнеріме елім қанық сыртымнан.  
Қайраты мол жас ұрпаққа ұстаз ем  
Қарғыс емес, алғыс алған жұртымнан.

Жүрсем дағы талайларды таң қылып,  
Туған жерде өлмек бары заңдылық.  
Біраз бейне, із қалдырдым артымда  
Умытылмас ескерткіш қып мәңгілік.

## 1939 ЖЫЛ ЕДІ

Бейбіт кезең 39-шы жыл еді.  
Алданым да мол болып еді бергені.  
Алтын дәнді үй басына төкті көп  
Сыйғыза алмай қоймаларға елдегі

Тап сол жылы шаңырағымызға қыз келді,  
Дән де, ән де ауылыма сән берді.  
Бейбіт өмір ойымызда жоқ сұмдық  
Егіншілер жыртып жатты таң жерді.

Шашпай-төкпей жиып алды астықты,  
Өкіметің мақтады Абзал — бастықты.  
Ойда-жоқта соғыс ашып тосыннан,  
Гитлер сұм бізге ойлапты қастықты.

Азаматтар бірі қалмай аттанды,  
Алмады тек төсекте ауру жатқанды.  
Тәңір берген ақ бидайды еліміз  
Азыққа деп үй басына сақтады.

Төрт жыл соғыс біткенінше жүдедік,  
Шәрке киіп, масақ тердік күлмедік.  
Елде қалған қарт аналар, балалар  
Қарын тойып дұрыстан ас жемедік.

Көздің жасын құдай біздің иді той,  
Соғыс бітіп жасады ауыл үлкен той.  
Таң атқанша ойын-сауық үзілмей  
Жеңіс деп жұрт ән шырқады, жазып бой.

## ӘКЕМЕ

Досыма өзің деген пейілі кең,  
Даладай дарқан едің, мейірімді ең.  
Қос қызың жүр сусындап әлі күнге  
Өзіңнен бастау алған ірімінен.

Қасыңнан бетің жасың қабырлмайтын,  
Алмас ең тас шағса да майрылмайтын.  
Қиындыққа қыяғалып қиналмастан  
Жан едің бір мінезден айрылмайтын.

Жаста болса білімге қария едің,  
Шіркін-ай, ақылға мол дария едің.  
Көпшілікке сүйікті абыройы  
Турашыл мінезіңмен жария едің.

Басыма күн тигізбей аялаған,  
Сен едің менің панама саялаған.  
Қайтейін гүмырың да болмады ұзақ  
Қу тағдыр кейде осылай аямаған.

Сезінің қас қабағын, дос құшағын,  
Тартысып тағдырыңмен өтті шағың.  
Аңсапқан армандардың күсіндей  
Жамырақ жайды бүгін қос бұтағың.

Тірде төмендетпей талғамыңды,  
Күн сыйлап, қуат сыйлап жанға мұңды.  
Көтеріп көкке биік жүрмеіз әке  
Еіз сенің көксеген көп арманыңды.

## ҰЛАНЫМ

(Алғашқы ғарышкер Тоқтар Әубәкіровке)

Көшкен дұрыс дәл іске, тоқтап сөзден,  
Ер ұланым ұшарың ішім сөзген.  
Қазағымның Байқоңыр айлағынан  
Ғарышкерім ең алғаш көкті кезген.

Атақ-даңқың еліме таратқан-ды,  
Барлық әлем өзіңе қараған-ды.  
Сен келгенде дін аман, Тоқтар қалқам  
Батырыма біртуар балаған-ды,

Жер сұлуы жазира Арқадағы,  
Өзің туған мекен ед Қарқаралы.  
Қуанышты аналық жүрегімнен  
Жыр шумағы өзіңе тарқалады.

## ЖАЗУШЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ.

(Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың  
иегері Сәкен Нұрмақұлы Жүнісовке)

Ақанды жаздың, Ақанды көкке көтердің,  
Көшпені жомарт, мәпелен мадақ әкелдің,  
Сері деп Сәкен өзіңді елің айтады  
Мәртебе қосып ақ ниет елге әпердің.

Өнерің керім, бойыңды түрлі жайлаған,  
Өзіңдей ұлдан тәу етіп күнде айналам.  
Сәкеннің ізін жоқтатпай жүрең жарқыным  
Қазаны болып қара бір сөздің қайпаған.

Жазушы болдың, халқыңның қамын ойлаған,  
Өзің бар жерде жазира шаттық, той далам.  
Айналаса болды ардақты туған ұлынан  
Серілік салтып қазағымның әлі жоймаған.

## ЕРМЕК БАЛАМА

(Сахнагер Ермек Мейрамқұловқа)

Атың озып, жүлдені өңгеріңсің,  
Сан өнерді бір өзің меңгеріңсің,  
Алаламай әрбірін жеке ұстап  
Бір-біріне бауырдай тең көріңсің.

Сөз естісек тайыптан төкке бетер,  
Ашуланар сөзіміз ұқсап кетер,  
Өнерпаздар жүрегі нәзік келер  
Ал досыңа шапшалап, төгіп өтер.

Ірілікті көремін мен ізіңнен,  
Аңсылдайсың бауырмал мінезіңмен,  
Қайраттамын, қаймықпай сұм тағдырға,  
Шыдап келе жатырсың бір төзіммен.

Арамдықтың ізі жоқ түн ойында,  
Жарасыпты мейірім бір бойыңда,  
Өз бағасын әлі алар, дарын күшің  
Жеті түрлі өнерің бар бойыңда.

## НАН

Өмір тірлік адамға бәрі нанда,  
Күш-қуатын береді барлық жанға,  
Алтын-күміс, асыл тас керек емес  
Наннан артық тағам жоқ бұл жалғанда.

Наның болса әр кезде бітер ісің,  
Ашылар қас-қабағың артып күйің,  
Нан деген тіршіліктің нәрі емес пе  
Шат болар көңіл-күйің, сырт пен ішің,  
Аштық жылы талайлар түсті көрге,  
Ауыл кетті тоз-тоз боп талай елде,  
Құранға шығып алар нан емес пе ед  
Тастама қасиетті омы жерге.



## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Қазақ қызы нбалы да жайдары,  
Зұлымдықты ойламайды қайдағы.  
Қазақ қызы махаббатың символы  
Қасиетін кетірмеген бойдағы.

Қазақ қызы өнері де білімді,  
Бір жортеңнен сүйе бермес әркімді.  
Үлгі алып халқымыздың салтынан  
Сақтай білер, шайнай сыртқа сырыңды.

Қазақ қызы шыдай білер жасынан,  
Өткізсе де көң қиындық басынан.  
Қазақ қызы мақтанышы халқының  
Қазақ қызы жаратылған асылдан.

Қазақ қызы ата салтын сақтаған,  
Достықпенен татулықты жақтаған.  
Елін қорғап аты шығып өлемге  
Ата-ананың тәрбиесін ақтаған.

Қазақ қызы сыпайы да әдепті,  
Ұлыларды дүниеге әкелті.  
Жасай берсін жақсы аты мәңгілік  
Қазақ қызы тәтті етсін өлемді.

## ҚЫМЫЗ

Бие сауған ғасырлар ата-бабаң,  
Сусының ең асылы осы тағам.  
Жаз бойы бие байлап қазақ қызы  
Жеткізген сол дәстүрді есен-аман.

Маусымда бие байлап елдің бөрі,  
Сусыңға қарық болар, жас пен нәрі.  
Қымыз той кең далада көшпен елге  
Таптырмас денсаулыққа болған дәрі.

Қазағым бие сауып, қымыз сапыр,  
Сол қымыз денсаулықты түзеп жатыр,  
Арақты той-думаннан ығыстырса  
Дер еді, барлық халық әбден мақұл.

## РАУЗАҒА

(Жерлес-ұстаз Рауза Молдабековаға)

Жас шәкіртті бір-бірімен тең көріп,  
Таныс болдық, бір білімді меңгеріп,  
Уақыт қалай жеткізбейді зымырап  
Ғасыр көші кеткендей-ақ өңгеріп.

Бастауышқа сабақ беріп шаншылып,  
Жүруші едік семинарға асығып,  
Кездесуші ек сол бір сәтте тек қана  
Құралдарып оқулықтың асынын.

Ана деген сөздің жанып жұлдызы,  
Өсіріп ең тәрбиелеп ұл-қызды,  
Данияның бізге келді әкім боп  
Қызылжардың бұйырды оған дәм-тұзы.

Көзге түсер күз басында биік шың,  
Ер боп өссе, ер балаңыз елге сын,  
Данияның елдің тілін таба алар  
Ой жүйесі зиялы екен, өте тың!

Раузажан, көп рахмет ұлыңа,  
Менде келдім жетпіс деген жылыма,  
Ана сыйлар көргенді екен, ізетпен  
Тең боларлық мынау деген ұлыға!

## ЖАС ЭКОЛОГТАРҒА

Нақсылықтан әр кезде күдер үзбе,  
Табиғатты аялау міндет бізге,  
Өсімдікті, ауаны және суды  
Тазалықпен сақтауды зерттеп ізде.

Орман сенің байлығың, келер ұрпақ,  
Құртпа оны өрт салып, жойып отап,  
Айна көлің өзіңнің тазалығың  
Қалмасыншы ішінде балық жұтап.

Брокенерден сақ болғын жүрген аңдып,  
Аң мен құсың бәрі де тірі жәндік,  
Ластамай қоқыспен өзен-көзді  
Мылтықпенен аңдарды атып қан ғып.

Су мен ауа тіршілік өзің жұтар,  
Химиядан аулақ бол оны құртар,  
Үй маңынан тал егіп, гүл өсіріп  
Міндетіңді жас ұрпақ адал атқар.

Бурабайға пана боп салар ілік,  
Қоныстанды бізге енді министрлік,  
Өшпес мұрам халқымыздың қазынасы  
Табиғатты қорғайық сен боп, біз боп.

## ТӨЛЕГЕН МҰХАМЕДЖАНОВҚА

(Композитор, Ақмола қаласы әкімінің орынбасары)

Өнерлі композитор Төлегенім,  
Өзіңді қадір тұтқан қалың елім,  
Атағың алғы қырдаң аса берсін  
Күлімден қосағыңда біздің келін.

Көшпеден Шәмшия апаң келді бүгін,  
Көрсетіп сан ғасырдың ою түрін,  
Бейнеңді кілемшеге салдым тоқып  
Шығарып жібек жіппен қалың түгін.

Ақмолам асқақтаран әсем қалам,  
Шарықтар шежіре боп ой мен санам,  
Мерейің үстем болсын қызметте  
Қабыл ал айналайын алтын балам.

## ЛЕКЕРОВКЕ

(Жерлесіміз, Парламент депутатына)

Ел сені ардақ көрер көтеріп те,  
Еңбегі ер халқыңның өтеліп пе?  
Байсалды, салықалы обы жүйрік  
Кім жетер парламентте Лекеровке.

Білімің жетегінде боздық, жаным,  
Есімің еліңдегі бізге мәлім,  
Өзіңнің биік мақсат, мәртебең де  
Жастарға ұстаз тұтар болар тәлім.

Жүрекке жүлқынғанда ән сияды,  
Түрленткен кілемімен кең қияны  
Оюдың орнегінен ләззат алған  
Білерсің апатайың Шәмшияны.

Бүгін мен бір өзіңе үміт артам,  
Еліңнің қалаулы ұлы едің қалқам,  
Тоқып ем түрлі жіппен тыным алмай  
Бейнеңді естелік қып сыйға тартам.

## АҚМОЛА МАРШЫ

Есіл бойын өрнектеген жараса,  
Көз тоймайды Астанаға қараса,  
Тамсандырды салтанатты сәнімен  
Зәулім үйлер, көк аспанға таласа.

Қ-сы:

Алматым қасиетті кербез аса,  
Ақ орда қала көрме көзден таса  
Төрінен Сарыарқаның орын алған  
Астана, жаңа астана жаса, жаса!

Қушаққа алып, сені Астана паң дала,  
Алтын дәннен тау тұрғызды, кең дала,  
Ұзақ болсын өмір жасың Астанам  
Өңге қосам атыңды айтып таңдама.

## Қайырмасы:

Сарыарқаның самалы боп желпіген,  
Жұпарыңа жаным жай боп елтігем,  
Ақ ордам боп тарихымда қала бер  
Іргең жаңа астана боп бекіген.

## ДЕПУТАТ БАЛАМА

(Республика Парламентінің мүшесі  
Мырзагелді Кемеловқа)

Тәрбиелі отбасы, өте иманды,  
Сыйлай білген құрметпен не мейманды,  
Мырзагелдім, Парламент депутаты,  
Салмақты да, ақылды, адал жанды,  
Бар қазақтың баласы, болсын дерлік,  
Түр бойынан таба алмас, ешкім кемдік,  
Өнегесі өзгеге болар үлгі,  
Халқын сүйген ер деп біз сенін келдік,  
Ұл-қыздарың, немерең болсын аман,  
Әрқайсысы азамат бір-бір маман,  
Анаң менен жұбайың дені сау бол,  
Атақ-даңқың жайылысың елге тамам,  
Қастерледің қазақтың тіл мен дінін,  
Аттамастан ешкімнің ала жібін,  
Айналайын Мырзажан арқа сүйер,  
Шәмшия анаң жыр жазды саған бүгін.

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВҚА

Бүгінгі күн қуаныш, бүгін міне қараңдар,  
Шоқанымның бейнесі орын алды жарандар,  
Ғылым деген ең қадірлі бүгінде,  
Мәртебесі халқымның жоғары деп санаңдар.

Ұлы ғалым қазақта Шоқан еді алғашқы,  
Ұрпағы мен үлгісі бүгінгіге жалғасты,  
Мәртебесін еліміз көтеріп түр бейнесі,  
Университет алдынан жұлдыз болып таң ашты.

Тәу етеді ұрпағың ор тұлғанды қастерлеп,  
Есілгендей шығыстан жаңа самал, жаңа леп,  
Көкшеміздің ұланы, еліміздің қыраны,  
Бас неміз өзіңе қасиетті Шоқан деп.

## ӘН ЕРКЕСІ

(Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қапаш  
Құлышевқа)

Түр сымбат, таңғажайып дауыс қандай,  
Қазақтың әншісі едің, алды маңдай,  
Бұралып сахнаға шыға келсең,  
Көрген жан естен кете таңқалғандай.

Қос етек, шәйі көйлек, қима белді,  
Әнімен тамсандырған тамам елді,  
Көкшемнің қыр гүліндей қызғалдағы,  
Үнімен баурай алды талай жерді.

Қапашым қазағымның бір гүлісің,  
Маңдайда жарқыраған жұлдызысың,  
Сүйсінген өнеріңе Шәмшия анаң  
Жыр жырлап, арнау жазды соның үшін.

Қосағың композитор балам Еркін,  
Әуенмен әсерлеген әннің көркің,  
От басың, өскен ортаң болсын аман,  
Шарықтап ән мен көтер көңіл дертің.

## МУЗАҒА

(Халық жазушысы, Мұзафар Әлімбаевқа)

Шығармаңды сүйсіне оқыр, жас бала,  
Мақалда да, мәтелде де, сен дана,  
«Балдырғанды» ұзақ жылдар басқардың,  
Көңіліңде көркем ойың, не жазпа.

Сөз сөйлесең серіілген бір шешенсің,  
Қайтаратын не бір мәйек есесің,  
Оуырыстың сөзі болдың, қаңшама?  
Көзгірсімей бетке айтатын нәсемсің.

Еңбегің көп өз алдына бір тобе,  
Қалам ұстап шабыт алдың жыр төге,  
Мұзаға деп елің сыйлар көргенде,  
Бұдан артық бақыт барма? — неңдеге.

## АРНАУЛАР

## ҰЛТТЫҚ НАМЫС

Шуағымен шабыттың,  
Жадыраса алып күн.  
Өсіреді мерейді  
Ықыласы халықтың,  
Ықыласы елімнің,  
Көкшетауы сенімнің,  
Лайланбасын ылайым  
Сексен көлі көңілдің,  
Толқын ойлар тулаған,  
Өнер туын жырлаған,  
Ерке қызын тіршілік  
Ерекшелеу шындаған,  
«Оқжетпесін» өнердің,  
Мақтан етер келер күн,  
Мәддіріне шөлдеймін  
Тебіренген тереңнің,  
Қуатымен таланттың,  
Елді аузына қараттың,  
Қасиетті өнердің  
Мың тұлпарын жараттың,  
Домбыра алып бір мезгіл,  
Жанарыңда жүзген нұр,  
Жастық жыры жылытып  
Жадырайтын күз өмір,  
Тіршілікке жылылық,  
Беру үлкен ұлылық,  
Қажымайды қырандар,  
Қайратынан түңдіп  
Еяктігің өзіңнің,  
Мақтан етпес сезімін,  
Құлагерден алдың ба?  
Қас тұлпардың төзімін,  
Жанарыңда көктем-нұр,  
Көңілінде өктем жыр,  
«Жекебатыр» секілді,  
Жеңістерге жеткен бір,  
Кестеленіп ойларын,  
Тереңдерге бойладың,  
Сексен сырлы өнердің,  
Көбейте бер тойларын,

Би саусағың он түрлі,  
Өз үлгісін қондырды,  
Қазақ олақ дегеннің,  
Құйындары болдырды,  
Сен болмасаң бабамның,  
Қол өнерін табар кім,  
Мұңаймасын тілеймін  
Шуағы мол жандардың,  
Өнерімен мерейлі,  
Кеміте алмас кедейді,  
Байлық емес халықты,  
Ұлттық намыс теңейді,  
Қисық қыңыр заманға,  
Қыр көрсету жаман ба?  
Аспан нұры құяды,  
Үміті асқақ адамға,  
Дарынсыздар қызғанба,  
Қоналмасаң құздарға,  
Өнерімен Шәмшия,  
Қылықтырақ қыздан да,  
Ықыласы елімнің,  
Көкшетауы сенімнің,  
Лайланбасын ылайым  
Сексен көлі көңілдің.

Нұрмиш Көбенұлы.

## ШӘМШИЯҒА

Шәмшия ханым, толғанамып,  
Жолықсам деймін өзіңмен.  
Асылы елдің ақыны дермін  
Аңғарып өлең сөзіңнен,  
Саусағың алтын, жүзіңіз жарқын.  
Овлаймын сізді асыл деп.  
Хатыңызды оқып, көңілге тоқып  
Санаймын сізді ақын деп.  
Әшекей өрнек, өлеңмен зерлеп,  
Сырыңды менен жасырма.  
Сыйлай біл жаным, Шәмшия ханым,  
Бас иіп аппақ шашыма,  
Қартайған шақта,  
Боялып аққа.  
Ағарды түгел сақалым.  
Талпынып өрге,  
Жасарып мүлде,  
Келеді әлі жасағым,  
Көрмедім дейсіз, білмедім дейсіз,  
Мен сізді бірақ көріп ем.  
Қолыңнан дәм жеп, шәй ішіп тердеп  
Өзіңе бата беріп ем,  
Жазушы Хамзе, сайраған пенде,  
Өрнектел өлең сөзіммен,  
Тәңірім жазса, мүмкіндік болса  
Жүздесермін өзіңмен!

Хамзе Қанатов.

## СҮЛУЛЫҚТАН ЛӘЗЗӘТ АЛҒАН

Бал тамған бармағыңнан айналайын,  
Еш өнер құтылмаған қармағыңнан.  
Сөзім сергек, көреген көкірегің  
Айналдым асыл туған ардағымнан.  
Кестелі өрнектерің бұл күндері,  
Шәкірттерді оздырды күрт ілгері.  
Сіз болмасаң арыстар бейнелері  
Түсуі тұс кілемге мүмкін бе еді?  
Абай, Ақан. Біржаншын нұрлы реңін,  
Көргенде алып ұшқан ет жүрегім,  
Ұлтыңның өнер туын асқақтатып  
Көңілдің тауып жүрсің түрлі емін,  
Мектеп аштың, қамын ойлап ұрпақтың,  
Мәңгі бақи бұл өмірде тұрмақ кім?  
Бірақ сіздің қолтаңбаныз мәңгілік  
Елдің білер асыл қалған жұрнақтың.  
Бабамыздан қалған көп қой мол мұра.  
Ою-өрнек, кесте, сурет, домбыра,  
Асылдарын жинастырып қазақтың  
Қондыра бер, жүректерге қондыра,  
Өнер шыңы өмірде әсте мәңгілік,  
Құлпыра бер дәстүр-салтым сән кіріп,  
Игі ісінде — поэзия апажан  
Ұрпақтарың айта жүрер ән қылып!

Жәмкен Құдайбергеноұлы.

## ІСМЕР АПА

Анасың алдиртап бар ұратып,  
Шеберсің Көкше данқын асыратып,  
Ұстазсың шәкірт біткен шәдірмесі  
Өзінді бір көруге асығатын,  
Өнердің өзін шеккен өрмінен,  
Жүреміз сиқырлы сыр сезінумен,  
Көкшемің келбетімен келістіріп  
Келесіз кесте болып төгілумен,  
Баршаға бөліп жүрек махаббатын,  
Шаштың сен шырай көрік шаңағатын,  
Мен тұрмын жеткізе алмай жел соабенен  
Халықтың сізге деген мархабатын,  
Жанымның сыйлау үшін мақпал өні,  
Мен сенің барлығыңа мақтанамын,  
Көргенде сан мың өрнек өнеріңді  
Шарамнан төгілуге шақ қаламын,  
Бар болыңыз жақсы ана, ар болыңыз,  
Өнерді өрге сүйрер нар болыңыз,  
Соңынан ерген өңкей жас өрімге  
Жасаған немдейін жар болыңыз,  
Кездесің өнеріңмен жыл-жыл сайын,  
Басыңа жоламасын қайғы-уайым,  
Өзін шеккен кестедей көрікті бол  
Жүре бер ортамызда апатайым!

**Төлеген Қажыбаев.**

## АРНАУ

Тарих күз, талайға, тарих анық,  
«Өнер көз өлмейді» дейді халық,  
Шәмшияның өнерін көрген көздің  
Сенбеуі де мүмкін-ау естен қалып.

Қыл қаламның сырына бой алдырған,  
Өшпейтұғын мәңгілік із қалдырған,  
Ою-өрнек, тоқыма не керемет  
Өзді-өзінен шығады дәл жанынан.

Жаратылған табиғи ана сүттен,  
Шебер болу қасиет туа біткен,  
Өткен ұрпақ өнерін жалғастырып  
Ел мерейін көтеру әуел беттен.

Не бір дарын алдында дәріс алған,  
Ұлтымыздың бояу содан қалған,  
Президент сарайы той қылғанда  
Мейман болып анамыз сонда барған.

Шәкірттерін сайлаған ұл мен қыздан,  
Халқы сүйіп қадірлен ана қалған,  
Көптен күткен көненің куәгері  
Нұрсұлтанға ақ тілеу бата қылған.

Жаны таза, ақкөңіл, қас иманды,  
Көкше өнерін әлемге паш қылған-ды,  
Ашаршылық кезін де, соғыс жылы  
Өткеріпті басынан не тұманды.

Ұрпақ сүйген жан-жақты кіл білімді,  
Өнерімен сүйсінткен не ілімді,  
Шәмшиядай жан тумас қолы алтын  
Көз алдына келтірген кесте түрлі.

Портреттер жан-жағы не бір ою,  
Бас міндеті өнерге зейін қою,  
Бір қолында домбыра бұл апайдың  
Кіріп-шықпас есіне байып-тою.



Қадір тұтқан ардақтан Нөкше елі,  
 Әрі ақын апамыз, жаны сері.  
 Мәртебелі атаққа бөлене бер  
 Жолы қайтып, маңдайдың аққан тері.

Үлкен сыйлау, құрметтеу бала жастан,  
 Жерім жоқ ед кесе өтер әуел бастан,  
 Мақсатым тек халқымның тіл өнері  
 Арнауға болар ед сізге дастан.

Тіл мен ауыз сөйлесін толған қалам,  
 Сізді әркез сағына есіме алам,  
 Анамдайын ақкөңіл пейіліне  
 Ермек балаң елжірей, жыр арнаған.

**Ермек Мейрамқұл.**

Еңбекпен өнерпаздың болғаны егіз,  
 Еңбегі бұл анайдың ұшап-тегіз.  
 Қолынан өнер тамған әрі ақын  
 Үлдіргім келді анайға жақсы лебіз.

Дауылға мойымаған берік емен,  
 Жарасар бұл анайды дапа деген.  
 Келеді пұрлы өмірді тамашалап  
 Сезімін ине-аппен өрнектеген.

Құм еткен жастық шағын сол бір кезең,  
 Кездері болған өткен үйілеумен.  
 Қызы еді, ерке толқын, өр Ертістің  
 Көретін көрешекті ерте көрген.

Көрді анай анаршылық азапты да,  
 Сау қалды көре жазада тозақты да,  
 Тер төгіп тоғыз жастан еңбектеп  
 Пәк өсті, үйір болмай жамандыққа.

Дегенін істетеді өмір заңы,  
 Өлімнен аштық жылы аман қалды.  
 Тар кезде масақ терін, соқа айдады  
 Бәріне мойымады, қажымады.

Жалықпай Шәмшия анай өнер куды,  
 Ізденді, аныбады төкті терді.  
 Өзгеріп заман дағы, күші туып  
 Көріңді ел халқына еңбектері.

Қайрат пен аймаған маңдай терін,  
 Анасы, қамқоршысы қалың елдің.  
 Одл заң құдіреті қолда болса  
 Берер ек бір атағын Еңбек Ердің.

Өсірді тәрбиелеп бес баланы,  
 Әрине ерінбесе бақ жанады.  
 Өнерге еңбегі бай болған соң  
 Ел-жұрттың анасы боп дараланды.

**Кеңес Жармағанбетов.**

## ШӘМШИЯ

*Сөзін жазған Ермек Мейрамқұл  
Әнін жазған Құрмет Сахай.*

Жан шуағы бет жүзінен көрінген,  
Саусағынан сиқырлы өнер төгілген.  
Абай менен Абылайдың бейнесі  
Кесте болып түс кілемде өрілген.

Қысы:

Жүрегіне жар оралып ән сия,  
Асулардан асып едің не қия.  
Шебер қызы Көкшетаудың сан-қырлы  
Қарсы алайық, қол соғындар —  
Шәмшия! Шәмшия!

Анасың сен абзал туған ардақты,  
Әр қадамың байыпты да, салмақты.  
Ою-өрнек ортасында малынып  
Кесте тоқыр, майыстырып бармақты.

Қайырмасы:

Әсем бейне кестеменен зерлеген,  
Сазды әуенді домбырамен тербеген.  
Мерейтойың құтты болсын бүгінгі  
Көркейе бер, күлім қағып елменен.

Қайырмасы:

## ШӘМШИЯ АПАЙҒА

...Зергер деп те мақтаймыз,  
Шебер деп те мақтаймыз.  
Тұла бойы тұнған бір  
Өнер деп те мақтаймыз.

Оқығаннан тоқыған,  
Өресіне батпаймыз.  
Қолөнері — көз жауы  
Оған теңеу таппаймыз.

Ақылдығы тағы бар,  
Ақыл-ойын жаттаймыз.  
Осыларға ылайық  
Шәмшиядай апайдың  
Адал терін, япыр-ау  
Жұртым қалай ақтаймыз.

**Бибігүл Ғарипова, тіл маманы.**

## ШӘМШИЯ ҚАРЫНДАСЫМА

Аспандап самғаған сұңқарым,  
Асқақтап жайлаған шыңдарым,  
Бұлбұлы Көкшемнің жұлдызы  
Дүбірлі жүйрігім, тұлпарым.

Армандас қазақтың бұлбұлы,  
Тобынан озатып дүлдүлі,  
Тәтті өмір, шат көңіл жалғассын  
Өмірдің жайнаған сен гүлі.

Замандас Шәмшия қарқында,  
Биікке самғаудан тартынба,  
Майталман, жайдарман қарындас  
Жадырап, жайраңдап, жарқылда.

Жарыста қалысна замандас,  
Қарышта алысқа қарындас,  
Біз енді Тәуелсіз мемлекет  
Тартынба, жайдарман қаламдас!

Хамзе Қанатов.

## ШӘМШИЯ БАУЫРЫМА

Кешегі өткен Сарадай бар екенсің,  
Ақкөңіл, абаал, арлы жан екенсің,  
Сөзі мен ісі екі бөлінбейтін  
Әйел заты ішінде нары екенсің.

Ісімен, өнерімен таңқалдырған,  
Ел сүйген асыл ердің жары екенсің,  
Салмақты сөз саптауың елден бөлек  
Болмаса ақын жанды, ақыл зерек  
Басқа жайып қиналып, көп ойлайтын  
Ардақты жан екенсің, елден ерек.

Шәмшия сен өзінді дейсің қара,  
Ал жаныңның ішінде толған сана,  
Мінезің кейде дауыл, кейде наркес  
Боласың кейде дана, кейде бала.

Басыңнан өткізіңсің талай өткел,  
Бұл күнде ортамызда қадірлі ана,  
Сендейлер молдап келсе дүниеге  
Түрлене берер еді-ау туған дала.

Бүгінде қонақ болып үй төрінде,  
Отырсың өз жерінде, өз елінде,  
Ер көңіл ерке мінез жан екенсің  
Жасыңнан не болған мол сенімге.

Ақын аға Кенесары.

## ЖҮРЕК САҒЫНЫШЫ

Саналы бес саусаққа қалам алып,  
Жазайын ақ қағазға шимай салып,  
Қиындық неше түрлі өтіп жатыр  
Жазуға бәрін болмас оға алып.

Жазамын сағынғаннан сарғайып хат,  
Ойласам сені Шәмші көңілім шат.  
Қиындық арадағы ештеңе етпес  
Жаратқан әлде болса, берсе рахат.

Мехнат қасіретті көргенім көп,  
Жас болып жақсылықты сезгенім жоқ.  
Елдегі Шәмші, Тілек еске түссе  
Қаламын есі ауысқан кісідей боп.

Жасаған жас Шәмшімен айырдың ба,  
Қанатты екі бүктеп қайырдың ба?  
Шын сүйген адал жүрек махаббатын  
Жасытып, жездей өтіп майырдың ба?

Не тәтті десе жұртым балдан тәтті,  
Әуреге салды мені өмір қатты,  
Тәтті көп дүниеде білген жанға  
Ал маған бәрінен де Шәмшім тәтті.

Жазаулы көкірегімде Шәмшия атың,  
Ғашығым, абзал туған, перизатым,  
Сен үшін он жыл алдым өкінбеймін  
Білерсің ыстық жүрек махаббатын.

Шәріп Теміржанұлы,  
жан жолдасым, балаларымның аяулы  
әкесі.

## ЖЕТПІСКЕ ЖЕТКЕН АПАТАЙ

Жетпіске жетті демейсің,  
Жеңгедей һәм шешеміз.  
Желгілдеп ақ жаулығы  
Жүзінен жылылық еседі.

Жаны ізгі, жарқын жан,  
Жүрегі кең даладай.  
Жымнып қана жүреді  
Жаңа туған баладай.

Жабырқанса кей-кейде,  
Жыр жазады көсіліп,  
Жадату тартқан көңлі  
Жібек баудай өсіліп.

Жалғыздық түссе басына,  
Жатты тартар туыс қып,  
Жетімдерді жегеген  
Жесірлерді уыс қып.

Жүз жасағай атаймен,  
Жыр жампозы Жамбылдай,  
Жаны жаздай апатай  
Жарқырай бер жұлдыздай!..

Сайлау Көшкенұлы.

## Ш Ә М Ш И Я

(толғау)

Асылдың сынығы, қазақ қолөнерінің соңғы тұяғы, халық шебері Шәмшия Габдуқызы Айтжанованың жетпіс жасқа толуына арнаймын.

Қазақтың құт мекені Баян тауы,  
Етегі тал-қарағай көркем ауылы,  
Сол жерде дүниеге келді сәби,  
Қуанған ата-ананың бағы жанды.  
Әкесі ел басқарған ардагер ер.  
Құрметпен кәсіпкерге сүйікті ел.  
Іргесін бұл «Құлаттың» өзі қалап,  
Сүйреп ед мәртебесін бірталай жер.  
Білімі баршасынан биік еді,  
Жанына не кедейді жиып еді.  
Күрескер, саясатшыл азаматты,  
Сұм ажал қалай көзі қиып еді.  
Өмірден өкіндірін жастай кетті,  
Артына екі қызын тастай кетті.  
Аяулы жары қалды аңыраумен,  
Ғұмыры қырықтан да аспай кетті.  
Жас ана қызын алды бауырына,  
Төтеді жоқшылықтың дауылына.  
Шәмшия екеу еді бір атадан,  
Ерке боп жүруші еді бауырында.  
Білетін тез анықтал, өнер парқын,  
Анасы ісмер еді қолы алтын.  
Жас қызын өз ісіне баули білді,  
Орудың таныстырып не бір атын,  
Халықтың қан майданда не бір ұлы,  
Ол кезең қиын еді соғыс жылы.  
Түнімен көзін ілмей, қолғап тоқып,  
Майданға салушы еді киім жылы.  
Фермаға жиын алып иіл жастарды,  
Жас ана отырмады ел басқарды.  
Өлмелі шал мен кемпір ортасында,  
Көтеріп жұмыс басын бір тастады.  
Дүние шыр айналып, көше берді,  
Шәмшия кесте тігіп өсе берді.  
Бойжетіп, жетіжылдық бітірген соң,

Есігін пед. училище аттап еді,  
Мұғалім болу деген арман еді,  
Не деген сұм еді бұл жалған енді.  
Анасы сүйеніші қайтыс болды,  
Жүзіне Шәмшияның қайғы толды.  
Қайсар қыз сонда да оқу бітіргенді,  
Ұстаздық әлеміне денден енді.  
Бастауыш мектептерге дәріс берді,  
Ұжымы жас ұстазды сыйлап, сенді.  
Мінезі жайма, шуақ жас қыз бала,  
Ғашық боп құлап түскен не бозбала.  
Әдепті, тәрбиелі, көргенді еді,  
Қызым деп қызыққандай талай ана.  
Өнерін қазақтың жете білді,  
Талай сын, талай белден өте білді,  
Жоқшылық, жамандыққа бірдей төзіп,  
Бәріне төтеп беріп, шыдай жүрді.  
Қайратты, қалжырамас өжет еді,  
Жұқсының ұрпағы ғой шыққан тегі.  
Ұзақ жыл ұстаз болып жүрсе дағы,  
Финанс-саудаға да көзін ілді.  
Есепке жас кезінен жүйрік еді,  
Цифрды талай тұста үйіріп еді.  
Отбасы, бала-шаға болса дағы,  
Институт табылдырыты бұйырып еді.  
Жүргенде далбасалап не бір көнең,  
«Нар. хозды» — бітіргенді біздің Шөкең,  
Адалдық тура жолмен жүріп еді,  
Аттамай ала жібін жұрттың бөтен,  
Жұмыстың не қызығы басталды енді,  
Қаржыға ревизор болып енді.  
Күресіп жемқорлармен, талай жылдар,  
Жегенін өшкерелеп ашып берді.  
Жұмыста адал болды, әділ болды,  
Қай уақыт болса дағы әзір болды.  
Еңбегі ұзақ жылғы өтелді де,  
Зейнетке абыроймен жетіп толды.  
Ұйықтаса есіне алып үй ішінде,  
Өнері кіре берді кіл түсіне.  
Жастарды баулайын деп өнеріне,  
Шәмшия сенім қойды өз күшіне.  
Өл ойын Шәмшия анай дәл ұсынды,  
Бастылар аямызды тез түсінді.

Сонымен алла жар боп, игілікті іс,  
Жалғасын таби білді тез ұтылды.  
Оюдың неше түрін оя білді,  
Жұмысты дұрыс жолға қоя білді.  
Қаражат жетпесе де керегіне,  
Жоқ пен бар қанағатқа тоя білді.  
Өнерге тарта біліп не бір жасты,  
Апамыз ерлік жасап мектеп ашты.  
Қазірде шәкірттері елге мәлім,  
Осыдай еңбек нуры арай шапты.  
Инемен құдық қазып, кілем тоқып,  
Әрі нас шәкірттерге дәріс оқып,  
Шәмшия ел мерейін үстем етті,  
Қайратпен еңбегінің тәмін татып.  
Апаның еңбек жолы өтелді де,  
Ауағы ата-баба көтерді де.  
Тоқыған кілемдері көз жауын ап,  
Аралап кете берді шетелді де.  
Қарасаң портретте не бір нарлар,  
Елі үшін жанын қыған, асыл жандар.  
Бейнесі кілемшеге көрін беріп,  
Көз тойын қаныққандай, жайнап жанар.  
Көтерді төбесіне елі апамды,  
Еңбекпен шебер болып, ер атанды.  
Бұл күнде ел аузында «Шәмшия апай»,  
Жаңғыртып, жасартқандай жер жаһанды.  
Алатын адам жанын тез үйіріп,  
Жетістің асқарына шыққан жүйіріп,  
Көңшемнің қол өнерін дәріптеп ең,  
Нестемен өшенейсел, не бір сүйрік.  
Біз дағы мың көңіледен ақ тілейміз,  
Жаныңа ұзақ тұмыр, бақ тілейміз.  
Мәртебең өсе берсін бұданда зор,  
Дәреже алатұғын, шақ тілейміз.  
Жүретін туған елден үлкен сый ап,  
Қол өнер саласында соңғы тұяқ.  
Шәмшия бақытының шамшырағы,  
Төбеден күйіліп тұр сонау қияқ.  
Артыңда шәкіртің бар, ертең сенер,  
Өнерде өшпес ізің қала берер.  
Шәмшия Рабдуқызы сөзілді жан,  
Шіркін-ай, сүді өмірге қашан келер.

**Ермек Мейрамқұл.**

## ЗАМАНБЕГІМ

(Алматы облысының әкімі, белгілі  
саясаткер Заманбек Нұрқаділовке)

Алаштан аты шығып озған ерім,  
Маңдайдың қолмен сырып аққан терім.  
Болжайтын алдағымы озық ойлы,  
Нарқасқа, кеңейілді Заманбегім.

Саясат әлеміне қодып сөзгем,  
Ерлер жоқ тек әзірге сенен озған.  
Әр сөзің ададықтың ақ бұлтындай,  
Тынымсыз еңбекпенен құдық қазған.

Сөйлесең сөзге дағы шебер едің,  
Болалмас саясатшыл адам тегін.  
Басың өз жолға тастап не кесірді,  
Серпил де, шарықтай бер әлем көгің.

Жаныңа Шәмшия анаң нұр тілейді,  
Жеңе біз не қиындық, не дүлейді.  
Мақпалмен өмір жасың ұзақ болсын,  
Ақсұңқар бұл өмірде біртүлейді  
Ақсұңқар бұл өмірде бір түлейді

## ЕЛ БАСҚАРҒАН

(Шуағасва Зура Құлмырзақымына арнаймын)

Құлмырзаның қызы едің атың Зура,  
Жаңылмайтын әділдік жолдан тура,  
Тура қырық жыл табылмай ел басқардың  
Жеңсіздыққа тек қана бетті бұра.

Күй тербелер, жүректе саз ойнарда,  
Сендей қыздар қазақта аз болар ма?  
Маңдайына Көкшенің жазып тұдың,  
Сұңқардайын самғайтын күй толарда.

Кем кетінке қарасып болып нана,  
Ақыл-ойы артықта туған дана,  
Зурадайын ауулы асыл қыздар,  
Бұл қазақта кездесер жеке дара.

Сіңдімісің ізімді басып жүрген,  
Мәртебесі еліне асып жүрген,  
Тілін түсер, су жорға шешен тілді,  
Дүшпан біткен алдынан қашып жүрген.

Жасай берші көркейіп ел бағына,  
Ел жүрегің көргенде шын сағына,  
Жолдасың, немерелер ұзақ жасап,  
Бағың асып мәреден қол тағыда.

## П І К І Р

Творчество адамы болғандықтан, Шәмшия Айтжанова апайды газет беттеріндегі өлеңдерінен, ол жайында жазылған заметка, мақалалардан сырттай білуші едім. Кейінірек жақынырақ танысудың сәті түсті.

Олай дейтінім, бұл кісінің «Өнерім — өмірім» атты қолжазбасын оқыған кезімде, Шәмшия апайдың сезімталдығын, адамгершілік қасиеттерін айқын сезінгендей болдым. Әсіресе бұл оның арнау өлеңдерінде шынайы байқалады. Және жасы жетпіске тақарған жанның негізгі жұмысымен бірге өлең жазуға, жазғанда да адам жүрегіне жеткізе білуіне кереметтей қызыға қараушы едім.

Шәмшия апай шын мәнісінде — өнер адамы. Оның қолынан тоқылған ұлы тұлғалардың бейнелері кейінгі ұрпаққа мұра. Нақ сондай, жүрек түкпірінен шыққан өлең шумақтары да әркімнің жадында қалары хақ.

Сондықтан Шәмшия Айтжанова апайдың «Өнерім — өмірім» жинағы басыла бастаған жарық көруге әбден лайық еңбек деп білемін.

**Сайлау КӨШКЕНУЛЫ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,  
Көкшетау қаласы, 15 шілде 1998 жыл.

М А З М Ү Н Ы  
АЛҒЫ СӨЗ

I БӨЛІМ  
«ӨНЕРІМ — ӨМІРІМ»

Заңгер қызыма	3
Азамат	4
Профессор	4
Сәлима	5
Қазақстан	6
Астанаға арнау	7
Тарту	8
Ақмола — Астана	9
Тілек	10
Парасатты	11
Өнер мектебі	12
Шәкірттеріме	13
Оқінбеймін өмірге	14
Ризамын өмірге	15
Зиялысы қазақтың	16
Туған ел	17
Өзім жайлы	18
Мектебім	18
Арнау	19
Қайран бағашым	20
Ақынға	20
Аманат	21
Мағжан ақынды еске алу	22
Менің анам	22
Ақ халатты абзал жан	23
Домбырашы еді әкеміз	24
Өзім турасында	25
Ана	26
Абайға	26
Өнеріме жол ашқан	27
Қаныш аға	28
Ұлыстың ұлы күні	29
Ақтан керім	30
Ғарыш ұланы	31
Жамбыл бабам	32



Мерейтой несіне арнау	33
Жеңіс күні	34
Әлияға	34
Тұрмыс тауқыметі	35
Зейтін аға	36
Майраным	37
Алтысқа келген ардағым	38
Асыл жан	39
Өсиет термесі	40
Көкшетаудың келбеті	42
Тума тойында	43
Құт әкелсін	44
Ардақты	45
Мақпалға	46
Даханаға	46
Ұлағатты жан	47
Алып тұлға	48
Қызыма	49
Нәр бердіндер	50
Абылай алаңындағы ой	51
Арыстар	52
Бақыт таптым	53
Ер Дәулет	54
Ақ бата	55
Домбыра	56
Санаторинде	57
Алашымның ардағы	58
Аналық тілек	59
Мақтанышым — Мұхтарым	60
Табиғатым бақытым	60
Ана тілегім	61
Жыр дариясы	61
Сара сіндіме	62
Рашитке	63
Немерем мерейі	64
Анадан ақыл	65
Жақсының аты мәңгілік	66
1939 жыл еді	67
Әкеме	68
Жазушысы хадқының	69
Ермек балама	70
Нан	71

Қазақ қызы	72
Қымыз	73
Раузаға	74
Жас экологтарға	75
Төлеген Мұхамеджановқа	76
Декеровқа	76
Ақмола маршы	77
Депутат балама	78
Шоқан Уәлихановқа	78
Ән ересі	79
Мұзаға	80

## II БӨЛІМ АРНАУЛАР

Ұлттық намыс	82
Шәмшияға	84
Сұлулықтан ләззат алған	85
Ісмер ана	86
Арнау	87
Толғау	89
Шәмшия (ән)	90
Шәмшия апайға	91
Шәмшия қарындасыма	92
Шәмшия бауырыма	93
Жүрек сағынышы	94
Жептіске жеткен апатай	95
Шәмшия (толғау)	96
Заманбегім	99
Ел басқарған	100

## Шәмшия АЙТЖАНОВА

### «ӨНЕРІМ — ӨМІРІМ»

Редакторы	Т. Қажыбаев.
Пікір жазғандар	Т. Қажыбаев, С. Көшкенов.
Тех. редакторы	Н. Анталовцы.
Корректоры	Е. Мейрамқұл.
Суретшісі	Ш. Айтжанова.

Теруге 1, 07. 98 ж. жіберілді. Басуға 27. 07. 98 ж. қол  
қойылды. Қалпы 80x90 1/16. Қағаз баспаत्मқ 6,12. Жоғары  
басылым 5,69. Ұзын саны 500 дана. Тапсырыс № 1482. Басы-  
лым шығыны. Келісімді баға.

Республикалық Көкшетау «ПОЛИГРАФИЯ» баспа бірлес-  
тігі, 475000, Көкшетау қаласы, Урицкий көшесі, 98 үй.